

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№ 11 | 2023

ZANMEDIA.KZ

**ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ -
БҮГІНГЕ МІНДЕТ**

QYZYLORDA
OBLYSTYQ SOTY

kzl.sud.kz

10-БЕТ



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№11 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ — БҮГІНГЕ МІНДЕТ

Т. ИБАШЕВА

3

БИ ШЕШЕНДІГІ — КӨРЕГЕНДІК ПЕН КӨСЕМДІККЕ ҰЛАСҚАН

Д. ӘМІР

11

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК ҚЫРЛАРЫ

Б. ҚАЛАҒАНОВ

18

РӘМІЗ — ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ж.БУЛТАНОВА

23

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІ

А.АКТУЛИЕВА

26

Аян МҰХАМЕТҚАЛИЕВА, Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаментінің директоры:

«МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ БАЛАМА ТЕТІКТЕР ЕНГІЗІЛДІ»

А. ҚҰРМАНҒАЛИ

30

РЕСПУБЛИКА КҮНІ — ЖАҒҒЫРУЫМЫЗДЫҢ БЕЛГІСІ

О. КҮРЕҢБЕКОВ

34

МЕДИАЦИЯ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛДІ САҚТАЙДЫ

Ш. РҒЕБЕК

36

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Д. МУКАМЕДЕН

38

ТАРИХҚА ҚҰРМЕТ – БҮГІНГЕ МІНДЕТ



Жүз жылға жуық тарихы бар Қызылорда құт қонған, халқының 95 пайызы қазақ тілінде сөйлейтін қазақи мекен. Әріден бастасақ, Сыр топырағында Қорқыт ата, Жалаңтөс Баһадүр, Әйтеке би, Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас, батырлар, беріден айтсақ, Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Ғани Мұратбаев, Ыбырай Жақаев сынды халқымыздың біртуар ұлдары мен көптеген ел мақтаныштары дүниеге келді.

1925 жылдың сәуір айында Ақмешітте Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі өтті. Сол съезде Киргиз Республикасы аталып келген қазақ елін Қазақ Республикасы деп атауға

шешім қабылданды. Осы жылы Ақмешіт Қызылорда болып өзгертіліп, Қазақ АКСР-нің астанасы мәртебесін алды. Төрт жыл бойы Қазақстанның астанасы болған рухани ор-

дада ұлт зиялылары Қоңырқожа Қожықов, Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, т.б. алаш ардақтылары қызмет етіп, өңірдің өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосты. 1936 жылы Қазақ автономиялық республикасы Қазақ КСР-іне өзгертіліп, елімізде ең алғаш Солтүстік Қазақстан және Қостанай, 1938–1939 жылдары Павлодар, Гурьев, Қызылорда, Ақмола және Жамбыл облыстары құрылды.

Әңгімені әріден қозғап отырғанымыз, тарихы облыстың ашылуымен тікелей байланысты Қызылорда облыстық сотына биыл 85 жыл толды. Ресми деректер, облыс құрылғанға дейін мұнда екі сатыдан тұратын округтік сот – заңмен белгіленген істер жөніндегі және халық соттары ісі жөніндегі соттар жұмыс істегенін көрсетеді.

85 жыл ішінде облыстық сот ел соттарымен бірге дамыды. Әсіресе, Тәуелсіз Қазақстанда жүзеге асырылған сот-құқықтық реформалардың заң үстемдігін орнатуда маңызы зор десек, бұл ретте Қызылорда соттарының да орны бөлек.

Аталған соттың тұңғыш төрағасы С.Ақдәулетов болса, ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы төраға Б.Асқаров болды. Облыстық сотты әр жылдары басқарған төрағалар мен орынбасарларының сот жұмысын ұйымдастырып, қалыптастырудағы еңбектері ерен. Олар бұл жолда өздерінің барлық күш-жігерлерін жұмсады.

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық дамуы барысында сот жүйесінің рөлі қашан да басым. Сондықтан, Президент жолдауларында сот саласы, заң және құқықтық жүйе барлық уақытта ерекше аталады. Мәселен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында: «Полиция қылмыстарды оған қатысы барларды анықтап, дәлелдемелер жинап, шоғырландыруы керек. Прокурор тәуелсіз баға беруге, азаматтардың құқықтарының бұзылуына, адал азаматтардың қылмыстық процеске араласуына жол бермеуге, сотта тағылған айыптарды қолдауға міндетті. Сот биліктің әрекеттеріне қатысты

шағымдарды қарап, іс бойынша түпкілікті үкім шығарады», – деп, жік-жікке бөліп беруі бекер емес. Соттардың мемлекеттік биліктің бір саласы ретінде Конституциямен бекітілуі мәртебелерін одан әрі айқындады. Судьялардың кәсіби деңгейін көтеру, тәуелсіздігін нығайту шаралары жан-жақты қамтамасыз етілді. Бұлар өз кезегінде оларға үлкен міндеттер жүктеді. Қызылорда облысының соттары да өзге әріптестері секілді жүктелген міндеттерді абыроймен атқарып, сенім үддесінен шығып келеді.

Қазіргі таңда облыстық сотты Әділхади Шығамбаев, ал Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасын Жанат Бекжанов, Азаматтық істер жөніндегі сот алқасын Мақсұт Текетаев, Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасын Жанат Оспанова басқарып отыр. Облыс соттарында «Жылдың үздік аудандық соты» байқауын, сондай-ақ, түрлі семинарлар мен біліктілік курстарын, азаматтардың құқықтық сауатын көтеру мақсатында ашық есік күндерін өткізу дәстүрге айналған. Өңірде биылдан бастап алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санының артуы халықпен байланыстың жарқын көрінісін байқатады.

Заң – азаматтар соттың әділ шешімін алған кезде ғана үстем болады. Осы жағынан алғанда ұлттық сот төрелігі қоғамдағы тұрақтылықтың сенімді кепілі болуда. Сот төрелігінің сапасын жақсарту, сол арқылы елдің сеніміне ие болу қызылордалық соттардың басты мақсаты, сондықтан, олар қызметтерінде ашықтық пен жариялылықты, сондай-ақ, дана билеріміздің дау шешудегі бітімгершілік бағытын нық ұстанған.

Ұжымның әрбір қызметкерінің мақсаты елімізде әділтікті, сот этикасын, заңдардың орындалуын сақтап, құқықтық мемлекет құруға өз үлестерін қосу. Қызылорда облыстық соты мамандарының барлығы жоғары білімді, білікті істерімен алғысқа бөленіп жүргендері жетерлік.

Сот жүйесінің отандық үлгісін қалыптастыруда өзіндік орны бар қызылордалық соттардың әділ сот төрелігін орнату жолындағы игі істеріне сәттілік тілейміз.

Әділхади ШЫҒАМБАЕВ,

Қызылорда облыстық сотының төрағасы:

«Біз үшін биыл айтулы ЖЫЛ»

Биыл Алаштың анасы атанған Сыр өңірі үшін айтулы жыл. Осыдан 85 жыл бұрын Қызылорда облыстық соты алғашқы жұмысын бастады. Ол уақыт пен қазіргі кезеңді салыстыру мүмкін емес. Ол кезде қазіргідей зәулім ғимарат, электронды құралдар, кеңсе-техникалық жабдықтары болмады. Халық соттары халықтық сайлау арқылы жұмыс істеді. Содан бері отандық сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті. Облыстық соттың алғашқы құрамынан бастап бүгінгі күнге дейін судьялар корпусы мен сот қызметкерлері қажырлы қызмет етіп, өз үлестерін қосты.

Мемлекеттік биліктің бір тармағы сот жүйесі құқықтық мемлекеттің маңызды бөлігі. Бұл тұрғыда адал әрі әділ сот билігін құруда бірқатар шаралар жасалды. Азаматтардың сотқа деген сенімі артып, судьялар мен судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар күшейтілді. Соттың қоғамдағы орны да өзгерді.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің тынымсыз еңбек етуінің нәтижесінде облыстық сот Республикада бірнеше көрсеткіштер бойынша алға шықты. Атап айтқанда, дауласушы тараптардың арасында дауды медиация жолымен аяқтау, яғни, татуластыру шаралары күннен-күнге артуда.

Дауды өзара келісіммен шешу үлкен өнер әрі бұл бұрыннан қазаққа тән қасиет. Бұрынғы билер дау-жанжалды бір ауыз сөзбен шешіп отырған. Бұл жолда олар бірнеше томдық заңдар жинағынан бөлек, үлкендік, ағалық ақыл беретін тәрбиеге толы дала заңдарын қолданған. Осы ескі өнерді жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын билер кеңесі өңіріміздің барлық ауданында құрылып, қарқынды жұмыс жасауда.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдама-сын іске асыруда сот жүйесі де қалыс қал-



мауда. Сотқа жүгінушілерге қолайлы орта қалыптастыру біздің басты мақсатымыз. Осы орайда соттарда жаңа үлгіде жасалған фронт-офистер ел игілігі үшін қызмет атқаруда. Соттың ашықтығын қамтамасыз етуде әр жарты жыл сайын аудан тұрғындарымен жеке қабылдау өткізіледі және сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныс-пікірлері тыңдалады.

Жұртшылық бұрын сотты тек жазалаушы орган ретінде қабылдаса, қазіргі күні сот жүйесі азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайтын ұйымға айналды. Осындай жауапкершілікті арқалаған соттар сот төрелігін іске асырумен қатар қоғамдық, көпшілік-мәдени жұмыстарда да белсенділік танытуда.

Облыс соттары өздеріне жүктелген міндеттерін орындауда талай игілікті істер атқарды. Заңдылық пен әділеттілік жолында білімі мен қажыр-қайратын аямаған ардагерлеріміздің өнегелі істері бүгінгі ізбасарларына үлгі.

Осынау мерейлі шарада Қызылорда облыстық сотының ұжымына береке-бірлік, әрқайсысының дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілеймін.



Қамбар НҰРЫШЕВ,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы:

«Ұжымның ұстанған бағыты айқын»

Бұл тек облыс соттары үшін емес, жалпы еліміз үшін үлкен мереке. Сот жүйесіне халықтың сенімін арттыру соттардың алдында тұрған ең үлкен мәселе десек, елімізде бұл тұрғыда ауқымды істер атқарылуда. Мысалы, «Сапалы нәтиже» мен «Әділ процесс» жобалары аясында сот шешімдері түсіндіріледі. Сот саласы цифрландырылып жатыр. Бірқатар тың жобалар іске асырылуда. Электрондық сот төрелігінің базалық компоненттері құрылды. Жүйедегі өзгерістер саланы дамытуға тиімді әсер етіп жатқанын тәжірибе көрсетіп отыр.

Кезінде Шоқан Уәлиханов қазақтың әділ сотына берген өзінің жоғары бағасын бидің жеке тұлғасымен және мәртебесімен байланыстырса, екінші жағынан, әділ соттың іс жүргізудегі қарапайымдылығымен, жариялылығымен және халықтық сипатымен түсіндірген екен. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі сот жүйесі ғалым айтқан талаптармен үндесіп тұр. Саладағы басты тұлға судьялардың мәртебесі жоғары, соттар ашық әрі қолжетімді, халықтық сипатқа ие.

Судьялар – бүгінгі заманның билері. Қызылордалық әріптестеріміз бабаларымыздың «қара қылды қақ жарған» билігін нық ұстанған. Осы облыстық сотты бес жылдай басқардым. Бұл ұжымның көздеген мақсаты, ұстанған бағыты айқын. Әділ билік жүргізу жолындағы қызметтеріңіз табысты болсын әріптестер!



Марат САБЫРБАЕВ,
отставкадағы судья:

«Басшылықта білгір азаматтар отыр»

Қызылорда облыстық сотында үш жарым жыл төраға болдым. Ол өңірде туып-өспесем де жаныма ыстық. Өзім Өзбекстанда өмірге келгеніммен, Қазалы біздің атажұртымыз. Менің атам ел-жұртына танымал, сыйлы, халық қамын ойлаған кісі болған. 1928–1929 жылдары репрессияға ұшырау қаупі төнеді. Мұндай хабар жетісімен атам ауылдастарымен бірге бір түнде Өзбекстанға өтіп кетеді. Ертеңіне ұстап әкетуге келген солдаттар өздерінің кеш қалғанын біледі.

Қызмет бабымен Қызылордаға келгенімде ағайын, дос-жаран таптым. Бұл өлке халқының басым бөлігі қазақтар, содан болар 90 пайызы сотқа қазақ тілінде жүгінеді. Жұрты қарапайым, қазақи.

Облыстық соттың тізгінін ұстап отырған басшылар Әділхади Шығамбаев, Жанат Бекжанов, Мақсұт Текетаев, Жанат Оспанова үшеуі де менің шәкірттерім, өз істерін терең меңгерген мықты азаматтар.

Көпшілік әрбір істе ашықтықты қалайды. Сондықтан, соттар әрқашанда ашық, елге жақын болуы керек. Ардагерлермен тығыз қарым-қатынас орнатудың пайдасы зор.

Әріптестерімді 85 жылдық мерейтоймен құттықтаймын, еңбектері жансын, бағындырар белестері мен алар асулары көп болсын!



Жанат БЕКЖАНОВ,

Қызылорда облыстық сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«Мерейтойдан – мерейтойға жете берейік»

Қызылорда менің туып-өскен жерім. Саладағы жұмысым Қазалы аудандық сотынан бастау алды. Одан кейін Арал, Қармақшы аудандық соттарында судья, төраға болдым. 2010 жылы Қызылорда қалалық сотын басқару сеніп тапсырылды. Осы кезеңде, яғни, 2013 жылы облыстық соттың 75 жылдығын атап өттік, мерейтойды қалай ұйымдастырғанымыз кешегідей көз алдымда. Алматыға

ауыстым, ауданаралық мамандандырылған экономикалық, сондай-ақ, Бостандық аудандық №2 соттарында төраға, Алматы қалалық сотында судья болдым. Одан соң ҚР Жоғарғы Сотында кадр бөлімін басқардым. Бұдан кейінгі еңбек жолым Қызылорда облыстық сотында жалғасуда, яғни, менің он жылдан кейін қайта келуім, облыстық соттың 85 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл мен үшін үлкен бақыт.

Облыс сотының корпусында білімді, білікті мамандар жиналған. Бұрыннан да солай болатын. Судьялардың мұнда сот әділдігін жоғары деңгейде атқарып жатқанын нық сеніммен айта аламын.

85 жыл аз уақыт емес. Сондықтан, облыстық соттың айтулы мерейтойын атаусыз қалдырмағанды жөн санадық. «Өткенге құрмет, бүгінге ізет» дейді ғой халқымыз. Осы соттың арғы-бергі тарихы мен еңбек еткен ардагерлері хақында кітап дайындадық. Соттың алдына үш бидің есерткішін орнату да ойымызда болған, бірақ, белгілі себептерге байланысты ниетіміз жүзеге аспай қалды. Мерейтой аясында жоспарлаған басқа жоспарларымыз орындалуда десек те болады. Мысалы, кіші футбол мен волейболдан құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері арасында жарыс ұйымдастырамыз. Облыс соттары арасында «Үлгілі сот», Үздік сот актісі» байқаулары өтеді. Судьялар мен сот қызметкерлері арасында өнер сайысы болады. БАҚ-тармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Сондықтан, журналистердің арасында соттарды насихаттау туралы үздік материалдар байқауын ұйымдастырдық. Барлық байқаудың жеңімпаздары 1 желтоқсанға белгіленіп отырған салтанатты шарада жарияланып, марапатталады.

Салтанатты шараны ғылыми-практикалық конференциямен бастаймыз. Облыстық сотты басқарған және еңбек еткен әріптестеріміз, сондай-ақ, сот ардагерлері, т.б. барлығы құрметті қонағымыз болады.

«Басты міндет – халыққа қызмет» демекші, соттар елдің сеніміне сот төрелігін әділ жүргізуімен ғана ие болады. Сондықтан, әріптестерімнің әрбір істерінде жүздері жарқын бо-

луына тілектеспін. Сапалы жұмыс істеу үшін денсаулық керек, дендері сау, отбасыларында тыныштық орнасын. Қазақстан судьяларының тең жартысынан астамы әйел аналар, оларға оңай емес, үй шаруашылығы, бала тәрбиесі, т.б. бар. Барлығына әйел бақытын тілеймін.

Сыр өңірінің сот билігі бірлігі жарасқан ұжым. Әрқашан да абыройдың биігінен көрінсін. Мерейтойдан – мерейтойға аман-есен жете берейік. Біздің еңбегімізді көрсетіп, халықтың құқықтық сауатын арттыруға үлес қосып жүрген БАҚ өкілдеріне алғысымыз шексіз.



Жанат ОСПАНОВА,
Қызылорда облыстық сотының Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«Жүйе жұмысы ел сенімін ақтауда»

Әлсізді күштіден қорғау өркениетті сот жүйесінің бұлжымас заңдылығы десек, бұл заңдылық Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларымен жан-жақты нақтыланды. Әкімшілік әділет жаңа жүйе болса да, аз уақыттың ішінде әкімшілік соттар халықтың оң көзқарасына ие болды. Олай дейтініміз, осы сот ашылғанша негізінен мемлекеттік органдардың талаптарына ба-

сымдық берілетін. Бүгінде керісінше, заңға сай, заңды және жеке тұлғалардың, бизнес өкілдерінің, мысалы, біздің облыста 80 пайызға жуығының талаптары қанағаттандырылып жатыр.

Әкімшілік әділет тараптар арасындағы тепе-теңдіктің сақталуын қамтамасыз етеді. Әкімшілік істерде әділдік, ақылға қонымдылық, соттың белсенді рөлі принциптерін ерекше атауға болады. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында тәжірибелі судьялар еңбек етеді.

Еліміздің сот жүйесі жылдан-жылға жетілдіріліп жатыр, оң өзгерістер көп. Мұндай елдік істер халықтың сотқа деген сенімін арттыруды көздейді. Бізде кадр мәселесіне жіті көңіл бөлінген. Еліміздің тұрақты дамуына зор үлесін қосып келе жатқан облыс соттарын мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын. Береке-бірлігіміз арта берсін!



Мақсұт ТЕКЕТАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«Татуластыру рәсімдері тиімді қолданылуда»

Сыр даласының топырағы мол шежіреден сыр шертеді. Соның бірі – билердің төрелік

айту дәстүрі. Туған жеріміздің топырағында би-шешендеріміз ұлт бірлігін нығайту мәселелерін келелі жиындарда талқылап, ел арасындағы дауларды шешіп отырған. Айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста да тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін билер айтқан.

Қазақ билерінің төрелік айту дәстүрі Тәуелсіз Қазақстанның тарихында сот жүйесіндегі татуластыру рәсімдерімен жалғасты. Қазіргі таңда сотқа дауласып келген азаматтарға алдымен татуластыру рәсімдерінің тиімділігі, дауды өзара ынтымақпен шешу, бітімгершілікке келу жөнінде түсіндіріледі.

Соттар тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Өзара келісімге келген тараптар татуласу келісімін, медиациялық немесе партисипативтік келісім жасап, дауды реттей алады. Сонымен қатар, өткен жылы азаматтық сот ісін жүргізуде сотқа дейінгі хаттама ұғымы енгізілді. Қызылорда соттарында сотқа дейінгі хаттама арқылы шешілетін даулардың саны артып келеді. Мұның өзі сот жүйесінде татуластыру рәсімдерінің тиімді қолданылып отырғанын көрсетеді.

Қызылорда соттарының барлығында билер кеңестері жұмыс атқаруда. Олар, әсіресе, тұрмыстық түсініспеушіліктерді реттеп, жас отбасылардың сақталып қалуына ерекше еңбек сіңіруде. Халықты татуластыруға, дауларды азайтуға Қызылорда облыстық соты ерекше үлес қосуда.

85 жылдық тарихында талай тағдырлы істерге төрелік еткен Сыр өңірінің Әділдік Үйін 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолындағы қызметтеріңізге сәттілік тілеймін.

Ғалия ШЫҢҒЫСОВА, ардагер судья:

«Адалдық абыройыңды асырады»

Судьялық қызметімді ең алғаш Қызылорда облыстық сотында бастап, 30 жылға жуық еңбек еттім. Осы сотта екі мерзім қатарынан Азаматтық істер жөніндегі алқада төраға



болдым. Әрбір істің артында адам тағдыры тұрғандықтан, шешім қабылдау судья үшін өте жауапты іс.

1980–1990 жылдары қазіргідей компьютер, ақпараттық технологиялар, дыбыс-бейне құрылғылары болған жоқ. Сот актілерін, қатысушылардың әрбір сөзін қолмен жазатынбыз. Көшірмелері тараптарға берілетіндіктен, сот актілерін бірнеше дана етіп жазуға тура келетін. Қазіргідей заң және сот актілерінің деректер базасы да болмады. Заң нормаларын облыстық соттың заңды жүйелеу бөлімінен ізденіп алатынбыз. Кейбір істер бойынша көшпелі сот отырысын өткізуге шалғай ауылдарға баратынбыз. Отбасын екінші орынға қойып, қызметімізді абыроймен атқаруға тырыстық. Мұны айтып отырғаным, сондай қиын кезеңдерде де азаматтардың құқықтары мен бостандықтары әділ қорғалды.

Бүгінде судьялардың қызметіне барлық жағдай жасалған. Тек олардан өз істеріне деген адалдық, кәсіби біліктілік талап етіледі. Әрбір судья Төле би бабамыздың «Жақын деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылады» деген

тәлімдік мәні зор өсиетін көкейге түйсе, беделдері артады.

Облыста небір мықты судьялар жұмыс істеді. Жастарға солардың жолы мен абыройын берсін. Мерейтой құтты болсын, судьялар мен сот қызметкерлері елдің сенімін ақтап, алғысына бөленуіне тілектеспін.



Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,
ҚР Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы
бойынша департаментінің басшысы:

«Басты мақсатымыз – халыққа жағдай жасау»

Сот жүйесі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі. Судьялар сот төрелігін жүзеге асырса, Сот Әкімшілігі Департаменті жалпы сот жүйесінің қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Осы жылы еліміздің сот жүйесінде бірқатар жаңашылдықтар орын алды. Оның бірегейі – бұған дейін ҚР Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті болған ведомства Қазақстан Республикасының Сот әкімшілі-

гі болып қайта құрылып, Сот әкімшілігінің аумақтық органдары департамент аталды, яғни, қазіргі таңда Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, ал аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселері сот әкімшісі болды.

Осыған сай, департаменттің құзіреті кеңейіп, жауапкершілік бұрынғыдан да арта түсті. Сотқа келушілерге қолайлы орта қалыптастыру мақсатында фронт-офистер, күту залы, жеке жұмыс жасау секторы, ақпарат орталығы, адвокаттар мен медиаторлар орны, соттардың кіріс кеңсесі, балалар ойын алаңқайы жасақталды. Күту залына LED экрандар орнатылды. Ақпараттық тақталар замануи электронды форматта жасалды. Ондағы үздіксіз көрсетіліп отыратын бейнероликтер арқылы көпшілік қажетті ақпараттармен, оның ішінде татуласу келісімдерінің маңыздылығы, мемлекеттік баж алымдары, Жоғарғы Сот пен облыстық сот басшылығының жеке қабылдау күндері туралы мәліметтермен, QR код арқылы талап қою үлгілерімен және басқа да сот жұмысын ұйымдастыруға қатысты ақпараттармен таныса алады. Еңбектері кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деген ниетпен мұражайға өмірден өткен әріптестеріміз бен сот ардагерлері туралы мағлұматтар жинақталды.

Сот әкімшілігі департаменті қоғамдық жұмыстардан қол үзген емес. Түрлі деңгейдегі мәдени шаралармен қоса, қызметкерлер арасында интеллектуалдық және шығармашылық сайыстарды ұдайы өткізеді. Байқоңыр қалалық сотының бас маманы Н.Нұрбайқызы ең үздік мемлекеттік қызметші республикалық сайысында топ жарып, озып шықты.

Қызметкерлер арасында бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтын ұстануға көңіл бөлініп, 2021 жылдан бері судьялар мен сот қызметкерлері арасында жылына екі рет дәстүрлі спартакиада өткізу қолға алынды. Биылғы спартакиада Қызылорда облыстық сотының 85 жылдығына арналды.

Облыстық соттың 85 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Дайындаған
Түймегүл ИБАШЕВА

БИ ШЕШЕНДІГІ КӨСЕМДІККЕ ҰЛАСҚАН

(Төле би Әлібекұлының туғанына 360 жыл)

Төле бидің тарихи орнын айқындаудың күрделілігі сонда, ол қатардағы би-шешендіктен шарықтай өсіп, мемлекеттік қайраткер деңгейіне көтерілген бірегей тұлға. Оның елдік деңгейдегі сантарапты, алуан салалы, жан-жақты қырларын зерттегенде, көрнекті саясаткер, елшілік, мәмілегерлік қызметтеріне орай, халықаралық, әлемдік дәрежедегі қайраткерлік орнын сараптап, айқындай түсеміз.

Төле бидің бір ғана, заңнамалық тұғырын айқындаудың өзі күрделі мәселе, олай болатын себебі, ол қатардағы заңға қызмет қылушы заңгер немесе заңтанушы ғана емес, ел заңының ірге тасын қалаған, негізін салған заңнамашы мемлекеттік билік дәрежеге қайраткерлігімен жеткен. Ол замандарда, тіпті, арғы-бергі тарихымызды шола отырғанда Төле би секілді осыншалық зор тұлғаға айналып, ел билеуші хандардың оң жағынан орын алып, мемлекеттік басқару ісіне араласуы, ел тізгінін билеушімен қатар ұстауы бұрын-соңды кездеспегені анық.



Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы



Арғы тарихымыздан салыстыру тұрғысынан мысал келтірер болсақ, Асан қайғы, Жиренше шешендер де өз саласының үздіктері саналып, хан-сұлтандарды кейде өткір тілдерімен түйреп, сынауға жарағандарымен, мемлекеттік дәрежедегі қайраткерлікке көтеріліп, ханмен бірге билік тізгінін қолға алған тұлғалар деп айта алмас едік. Кейде, тұлғаның орнын тап басып тану, ажырату үшін осылайша кең байламды сараптама жасауға тура келеді.

Осылай дей тұрсақ та, Төле би – ең алдымен, би-шешендік өнердің өкілі ретінде еліне танымал болды. Өйткені, ол осыншалық зор абырой-бедел, биік мемлекеттік қызметкер деңгейіне жаратушы құдырет сыйлаған биік өнері – би-шешендік дарынымен көтерілді. Сондықтан, Төле би тұлғасына біз алдыменен осы тұрғыдан өрелеп, баға беруіміз керек. Тағы бір мән беруге тиіс мәселе, кез келген би – шешен бола алады, ал кез келген шешен – би бола алмайды. Қазақта шешен ретінде аты шыққан, бірақ, би деңгейіне көтерілмеген, ауыз әдебиетінің, фольклорлық жанр өкілдері болып қана қалған өнер иелері толып жатыр. Мұнымыз бұл өнердің деңгейін аласартуымыз емес, Төле бидей дара тұлғаларымыздың орнын

танып, ажырату орайынан берген теориялық анықтамамыз.

Төле бидің орнын айқындау тұрғысынан қиындықтар туғызатын мәселелер де жоқ емес. Оның ең бастысы – кейде, нақты Төле бидің ауызынан шыққан деп сеніммен айтылатын шешендік сөздердің өзге би-шешендерге танылып, мидай араласып жүретін жағдайлары аз емес. Кейбір зерттеуші ғалымдарымыздың өздері Төле би сөздерінің тым танымалдығынан дейсіз бе, әлде, би сөзінің салмағы басым жатқанын пайдаланып қалайын деген пиғылдан дейміз бе, қалай өрелейсіз, еркіңізде, өз жұртының, (жүзінің, немесе, руының) би-шешендерінің даналық сөздеріне Төле бидің атымен көбірек танымал, ел арасына кең тараған шешендік үлгілерін қосып жібереді. Бірақ, бұл «кісі малы өзгеге мал болып жарытпас» демекші, жабыға қас тұлпардың алтынмен апталып, күміспен күптелген ертоқымын жапқандай, бөтендігі байқалып, менмұнда лап тұратындай.

Өкініштісі сол, тақа бір сөз қадірін салмақтап айыратын кісіге болмаса, жалпы көпке беймағұлым болып, біреудің сөзі біреуге таңылып кете барады. Ауыз әдебиеті фольклорында кездесіп жүретін осын-

дай ию-қию араласып кеткен қойыртпақ қас таланттың даралығына көлеңке түсірмей тұрмайды және бұл бүгінгі зерттеушіге де, келешек ұрпақтың ата-бабалар сөзін қадірлеушісіне де көп қолбайлау, кедергі болып бағатыны сөзсіз. Сондықтан, бұл мәселе Төле бидей дара тұлғаны танудың жауапкершілігін арттыра түседі.

Көне замандарда өмір сүрген гректің Платон «шешендік – ақылмен билеу өнері» деп анықтама тұжырым жасапты. Демек, шешендік өнері – тек тіл мен жағыңа сүйеніп, сөз сапыру емес, ақылдың сипатын танытар ғажайып өнер. Осы анықтаманың өзі Төле би сияқты бітім-болмысы дара шешендерге қарата айтылған сықылды көрінеді, шешендігі халқына ақыл айта білген билеушілікке ұласқан мұндай кемел тұлғалар сирек. Тура осы сөзімізге Төле бидің өз сөзінен жарқын бір мысал келтірейік, бұл нағыз оның дара болмысын ашатын дана тұжырым, шешендігі – ақыл-парасатымен өрілген нақ философиялық байлам дер едік:

«Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арманы, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, оның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген екен. Бұл Төле бидей өмірдің түрлі сынағынан өткен сұңғыла бидің өмірлік сараптамасы екені еш күмән тудырмайды. Осыған ұқсас айтылған әйгілі Саққұлақ шешеннің Шоқанға ақыл-өсиет тұрғысынан айтыпты деген лебізі былайша өріледі: «Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем, білім – таусылмайтын кен. Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез.

Адам биік болса тасыр-ды,

Кішік болса құрт-құмырсқа басар-ды,

Орта құба төбел болса,

Сол адам ұзақ жасар-ды,

Біліп туған бала екенсің,

Тумысыңнан дана екенсің!» деп көсілген екен дейді.

Салыстыра байыптау тұрғысынан келтіріп отырмыз, тақырыптан ауытқушылығымыз болмас. Бұл арқылы айтайын дегеніміз,

Саққұлақ шешен Төле биден көп кейін өмір сүрген он тоғызыншы ғасырдың өкілі, араларын бір ғасырдан астам уақыт бөліп жатыр. Демек, Саққұлақ шешен, Төле биден сөзбе-сөз ойын көшіріп алмаса да, өзіне үлгі етіп алып, сәл-пәл толықтырып, жетілдіріп өзінше ой түйген.

Бұдан мынандай ой келіп туындайды: Төле би шешендік өнерді дамытып, өрістете отырып, өзінен кейінгі көптеген шешендерге үлгі-өнеге қалдырып кеткен. Осындай Төле бидің тұжырымдары негізге алынған даналық сөздерді көптеп кездестіруге болады, оларды салыстыра пайымдаудың өзі бір жеке тақырып болар еді. Бұған одан әрі тереңдемей-ақ қоялық, айтқымыз келгені, демек, Төле бидің би-шешендік өнері қазақ даласында өз алдына мектеп болып қалыптасқандығы. Егер зерттеуші ғалымдар осы тақырыпты қаузаса, «Төле бидің би-шешендік өнері мектебінің өкілдері» деген бағытта ғылыми зерттеу жазуға әбден тұрар еді. Сонда біз би болмысына тереңдеп, қасиет-қырларын аша түскен болар едік деген ой келеді.

Мысалы, Абай, Сүйінбай, Жамбыл мектебінің өкілдері, сал-серілер мектебінің өкілдері деп жатамыз ғой, сол сияқты би-шешендік өнерде де өз мектебін қалыптастырған Төле бидей ересен тұлғаларымызды неге даралап көрсетпеске? Мұнымыз Төле бидің атақ абыройының жетіспей жатқандығын көрсету емес, өнер өкілі ретіндегі санқырлылығын ашуда әлі де болса кемшін қалып жатқан тұстары бар екендігіне назар аударту.

Сәуегей әулиелігімен, көрегендігімен аты шыққан Мәшһүр Жүсіп: «Қазақта Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ» деген. Бұл сөз қасиетін таныған, даралығын айқындаған сараптама, көзін әбден жеткізген кесімді байлам екені күмән тудырмаса керек.

Бір таң қалдырғаны шешендік өнердің қасиетіне Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) өзі де мән беріп, оның адамзат баласы үшін орыны айрықша екендігіне назар аудартқан екен. Бір қарағанда, тек дін айналасын ғана қамтығандай болып көрінгенімен, Құран хадистерінің ғылыми тереңдікпен, жан-жақты қамтылып жазылғандығы кейінгі кездері

жиі сөз болып, көптеген зерттеулерге негіз болып келеді. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) мына сөзінде ғылыми тұжырым жоқ деп айта алар ма едік: «Сөзге шешен адам өз ұлтының шамшырағы саналады. Ондай адам халыққа көп пайдасын тигізеді» – дейді өз хадисінде.

Платонның анықтамасында айтылғандай, шешендікті – ақылмен билеу өнеріне жатқызатын болсақ, оның жарқын мысалына Төле бидің өмірлік өнегесін, ұлағатты даналық сөздерін алар едік. Төле би пайғамбарымыздың сипаттағанындай, «ұлтының шамшырағына» баланған, халқына ұшан-теңіз пайдасын тигізген ересен тұлғаға айналған болатын. Сөзіміздің тұздығы ретінде шешендік өнер туралы көп зерттеген филология ғылымдарының докторы, профессор С.Негимовтен мысал келтірейік: «Ақылмен билеу өнері – халықтың көркемдік-философиялық дүниетанымының, сұңғыла білімпаздығының, қылыштан өткір тапқырлығының, жойқын шабытты айтқыштығының, жоғары деңгейдегі ойлау мен сөйлеу мәдениетінің, мінсіз жетілген әдеби тілінің, тереңдік пен кемеңгерліктің бейне бір ұшан-теңіз теңдесі жоқ өнегесі, өлшеусіз сырлы әлемі, данышпандық мектебі.

Ежелден Қазақ елі ақылмен билеу өнерінің құдіретін керемет түсініп, әрі жетілдірді. Елдік, мемлекетшіл мәселелерді түбірден қозғап, ой-парасаттың биік мұнарасынан пайымдап, толқындата жеткізді. Көсемдіктің, шешендіктің озық үлгісі ретінде қабылдаған ақылмен билеу өнерін замананың небір алақандарына мойынсұнбай, ұрпақтардың сана-зердесінде жаңғыртып-жаңарта білді. Бұлбұлдай сайраған ділмар шешендеріміздің сары алтындай сырлары қоғамды рухани тұрғыдан ізгілендіруге, адам санасын сәулелендіруге қызмет етті. Аузы дуалы, елге құрметті, ақыл-парасат деңгейі жоғары, тәжірибелі, турашылдық, түзулік, ар тазалығына ие кемел би-шешен мемлекет, ұлт, тіл, жер, тәуелсіздік тағдыры үшін, болашақ жарқын заманы үшін ой толғайды.

Тарих сахнасында, ұлт санасында «жұрт аузына ілігіп, зор атақпен аталған» Майқы би заманынан бастап, таным-пайымы,

өріс-өресі өзгеше шешендігімен қара судан қаймақ қалқыған қанатты дүлдүл ділмарлар сөз асылын, ой асылын ақтарғаны аян... Ақылмен билеу өнерімен қаруланған би-шешендер-қоғамдық саяси тұлға, мемлекет қайраткері, көріпкел абыз, сәуегей көсем, кемеңгер қолбасшы, майталман заңгер, шебер ұйымдастырушы» /С.Негимов. «Билер сөзі». Астана- 2014. Аңдату, 5-бет./.

Біздіңше, ғалымның нақ осы анықтамасы Төле бидің ұлы тұлғасын сипаттауға арналған сияқты болып көрінеді. Егер ғылыми тұжырымдама нақты өмірде болған адамдарға қарап жасалатынын ескерсек, біз бұл пайымдамадан әйгілі бидің нағыз адамдық, азаматтық биігін көріп тұрмыз. Платонша тұжырым жасасақ, «ақылмен билеу өнерін» жетік меңгерген, яғни, шешендік өнердің шыңына шыққан, мемлекеттік деңгейге көтерілген зор тұлғасын елестетеміз деп сеніммен айта аламыз.

Төле бидің атағы аспандап көтеріліп, табырой-беделі асқақтай түскен, кемеліне келген шағында оған ағылып келіп, ақыл-кеңесін тыңдаушылар тоқталмай, сапырылысып жатады екен. Бұл кезде би елдік, мемлекеттік маңызы зор, халықаралық деңгейдегі іс-шараларынан тиылып, бойын аулақ салады, тек өзін іздеп келушілермен ғана шаруалы болып, мұндай бағытта да келелі істер тындырып жүріп жатады. Сапарлауы азайып, өрісі қысқарғанымен, атағы аса түспесе кемімейді, жұртының абыз ақсақалына айналып, үздіксіз ағылған әлеумет сауалдарына жауап беріп, қызметі осы тарапта жалғаса түседі.

Сұрақ қоюшылар біркелкі бола бере ме, біреулері жұрт көкейін тескен маңызды сұрақты көлденең тартады, екіншілері иегінің астындағыны ғана көре аларлық, аясы тар, құнсыздау сұрақ қояды, үшіншілері өмірден оңбай таяқ жеп, әйгілі биден көңілін жұбатар сүйеніш сөз іздейді, тағы келесілері басын қатырып, шақшадай басын шарадай қылған, тығырыққа тірелген сан сұрақ-сауалдарына жауап іздеп келеді.

Осындай күндердің бір күнінде Төле бидің құтханасы сапырылысып жатқан келушілерге лық толып, қилы-қилы мәселелер сөз болып отырғанда, көп ішінен әлдекім суы-

рылып шығып, биге төтесінен сұрақ қойыпты: «Аса қадірлі биім, сіздің ел арасында көп қызмет қылып, ел-жұртыңыз үшін ұланғайыр шаруалар тындырғаныңызды білеміз. Әсіресе, халқыңыздың береке-бірлік, ынтымағы үшін қосқан үлесіңіз орасан. Қазақ ішінде сіңірген еңбегіңіз өз алдына, еліңіздің көршілес елдермен қарым-қатынасында, ара-тұра жат ниетпен жерімізге басып кірген жау жұрттармен бітімгершілікке жүргеніңізді, қолыңыздан келгенінше қандастарыңыздың аман сақталуына, еліңіз бен жеріңіздің бүтіндігіне жаныңызды аямай қызмет қылғаныңызды білеміз. Жұртыңыз сізді «береке-бірлігіміздің, ынтымағымыздың ұйтқысы» деп қастерлейді, әулиедей төбесіне көтереді, бұл күндері де шау тартыңқырап қалғаныңызға қарамай, абыз ақсақалымыз ретінде қызметіңізді жалғастырып келесіз. Дегенмен де, айтыңызшы, халықтың басын қосып, ынтымағын жарастырып, баршасына бірдей жағып, бәрінің де көңілінен шығу оңай бола бере ме? – деп сауал қойған екен.

Сонда би ауыр ойға батып, мұңайып, тұнжырап біраз отырып қалып, әлден соң басын көтеріп: «Шырағым, өте орынды, әрі салмағы қорғасындай ауыр сұрақ қойып отырсың. Сұрағыңа жауап таппай қиналып отырған жоқпын, қалай қисындастырып, ұтымды жауап берсем деп отырмын. Осыншама ел-жұртымның абыройына бөленсем де, мені өмір бойы ойландырып келе жатқан, күрмеуі қиын, алдымнан үнемі шығып, жанымды күйзелтуге дейін жеткізетін бір күрделі мәселе осы болып келгендігі рас. Мен бұл сауалыңа жауап ретінде, жалаң ақыл айтқаннан гөрі, өмірден бір мысал әңгімелеп берейін, өзгелеріңіз де құлақ түре отырыңыздар! – деп алып, әлдебір ханның басынан өткен хикаясын шерткен екен дейді:

Бағзы замандарда ел-жұртына қызметімен жаққан абыройлы хан жасапты. Қауымын қанамаған, қиянат қылмаған, қолынан келгенінше, жағдайын жасап, жоқшылық көрсетпей, елі мен жерін берекелендіріп ұстаған екен дейді. Әділетімен жұртына жаққан соң, жақсы атағы алысқа кетіп, жамағаты хан сарайын босатпай, әлеумет үздік-создық толассыз ағылып келіп

жатады. Біреулері жақсылармен мәжілістес болып, тағылымды сөз, ғибратты әңгіме тыңдасам деп келеді, екіншілері ас ішіп, аяқ босатар бақай есепшіл пиғылдан аспай, ханның мол дастарқанынан қарын тойдырып қайтқанын олжа көріп келеді, үшіншілері әшейін «не әңгіме жүріп жатыр екен, естіп алып, ел арасына жаңалық қылып, айта жүрермін» деген әуестікпен келеді дегендей. Содан күндердің бір күнінде ханның басына оқыс ой келіп, уәзірлерін жинап, былай дейді:

– Менің жанашыр адал уәзірлерім, өздеріңіз біліп, куә болып жүрсіздер, алыс-жақын дәргейімдегі жұртқа адал қызметіммен жағып жүрген сияқтымын. Ал, әйтеуір, ақыры, сарайымды әлеумет үздік-создық, ертелі-кеш ағылып босатпайды екен, неге бұлардың баршасының басын қосып, бір той-думан жасап бермеске? Қалай қарайсыздар? – деп сауал тастайды. Хан айтты, бітті, талқыға жатпайды, тек мақұлдануы тиіс. Тап солай болып, уәзірлер ұлардай шулап, қоштап, даурығысып ала жөнеледі: «Пәлі, арғы-бергі заманда өзіңізден асқан ақылды, әрі жомарт билеуші болмаған. Мұныңыз өте дұрыс шешім. Бұлай етсеңіз абырой-атағыңыз одан әрі асып, көтеріле түсері хақ» – десіп, тап осы той қылуды өздері ойлап тапқандай шуласады. Олардың мақұлдауын естіп көңілі көншіген хан тек мынадай ақыл қосады:

– Тек өздеріңе ескертерім, той дастарханынан еш мін табылмасын. Ұйымдастырушыларға мынаны қалт еткізбей жеткізіңдер, сойыс малдарына кілең семіздері таңдалсын, тойшыл қауымды қанша жиналса да тегіс әбден тойындырып, ризалап аттандыратын болыңдар! – деп нықтап, шегелеп тапсырады. Айтылды, бітті, солай орындалады. Қай жағынан қарасаң да, еш мін табылмастай болып, ас та-төк, ағыл-тегіл молшылықпен, дариядай сапырылысқан, теңіздей толқыған өзіне қарасты қалың қарашасымен, бай-бағландарының думандатуымен дүркіреп той да өтеді. Ауыздарынан шылқи ақ май аққан, жақтары айырылғанша кекіріктері азып, тойынған, көңілі көтеріңкі жұрты тарасып барады. Сырт көз салып тұрып, масайраған, жұртының алғысы мен

разылығына, қошеметіне бөленіп көңілденген хан жанында үйіріліп жүрген шабармандарына елеусіздеу етіп: «тойдан тарқаған жұртты ұзатып шығарып салыңдар, бірақ, жай жүрмей, той туралы, хандарының осы ісі жайында не айтысып бара жатқандарына құлақ түре жүріп, маған жеткізе келерсіңдер!» – деп тапсырма береді. Көп ұзамай сарай маңы сейіліп, ел аяғы басылып, шабармандар кешқұрым ханның қол астына орала бастайды. Хан еш күдіксіз, оң жауап күткен шыраймен:

– Иә, жарандарым разылығын қалай жеткізуде, немене деп тарасып барады? – деп сұрайды ғой баяғы. Сөйтсе, шабармандары жарыса шуласып, хан мүлде күтпеген сөзді жеткізеді:

– Пәлі, тойшыл қауымыңыз наразы, сіздің сый-құрметіңізге көңілі толмай, реніш айтып, тарқасып барады: сойған малдары жүрек айнытар кілең шылқи май, алып жерге қарайған еті жоқ, жей алмадық! – десіп барады. Бәрі бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай, ауыздарынан разылық сөз шыққанын естімедік, көрмедік! – деседі. Хан томсарып, ләм-мим деп тіл қатпастан, шабармандарын үй-жайларына қайтарыпты. Бірақ, бұл жағдайды көңіліне мықтап түйіп, ендігі қауымымен жасар тірлігін ойланады. «Қай жерде қателестім екен?» – деп те шақшадай басы шарадай болыпты. Ойы – қалайда жұрт көңілінен шығар әрекет қылу, жаппай разылыққа бөлеу болады.

Осылайша, орданың айналасының тірлігі бәз-баяғыша өтіп жатады. Хан қараша қауымына қарым-қатынасын өзгертпей, сол бұрынғысынша жалғастыра береді. Содан біраз уақыттар өтіп, баяғы той-думан-ның дабыры әбден басылды-ау дегенде уәзірлерін тағы құзырына алдыртып:

– Уа, уәзірлерім, халқым тағы бір той-думанды аңсап, күтіп жүрген сыңайлы. Өзіміз үшін де жаман болмас, бұқара жұртымызбен бірге той-тойлап, бір жырғамаймыз ба? – дейді ғой баяғы. Айтылды, бітті, ханның аузынан шыққан лебіз сөзсіз қошталады. Тек хан бұл жолы өткен жолғыдан өзгеше тапсырма береді: ұйымдастырушыларға бұл жолғы сойыс малдарының орташа күйлі болуын, семіз болмауын қадағалаңдар! – деп

бұйырады. Тап солай орындалып, той қызығы жүріп жатады. Бір қарағанда, бәрі тамаша өтіп жатқандай, үлкені де риза, кішісі де риза, думандатқан, ән салып, биге басқан әлеумет, ішкен мас, жеген тоқ, ешқайсысының ішінде бөтен ой барлығы сырт қарағанға еш білінер емес. Хан да көңіліне күдік ала қоймайды, дәл осы жолы ойларынан шыққанына сенгендей. Сонымен, бұл той да ақырына жетіп, тойшыл қауым ризашылығын айтып жеткізе алмай тарқасуда. Бәрінің де, әсіресе, осындай той-думанға іш тарылтпай, кеңшілік жасаған, сыпыра жомарттық танытқан ел үстінен қараушы билік иесі ханына алғыстары шексіз. Сарай төңірегі саябырлай бастағанда, хан аттанысып бара жатқан қараша қауымына елеусіздеу шабармандарын ертіп жібереді. Тапсырма сол, жұрттың көзіне былай деп, сыртыңнан басқаша айтылатын ішкі пікірін білу. Көп ұзамай, шабармандар да оралып, ханға естіп-білгендерін жеткізеді:

– Пәлі, мәртебелі тақсыр, жұртыңыз, тіпті, өткен жолғыдан да әрмен ренішті. Хан, немене, семіз малдар таппаған ба, аузымыз майланып, ас іше алмадық қой, бұл тұқымы жарымағыр, кедей отбасынан шығып еді, сонысын көрсетті-ау! – десіп барады деп келген екен дейді. Міне, халықтың бәрінің ойынан шығып, жағудың қиындығына келтірер бір мысалым осы! – деп Төле би кеңесін түйіндеген екен.

Кең толғамды, алуан тараулы болмағанымен, осы шағын әңгіменің өзінде мән-мағынасы зор ұлағат жатқанын аңдаған көпшіліктің біразы тараса қоймай, әлі де болса, парасатты би көмекейінде әлденені іркіп қалғандай бөгеліп, қарайлай беріпті. Сонда би: «Көмейлеріңді сезіп отырмын. Осындай сынақ өз басыңызға түссе не істер едіңіз, халықтың ойынан шығар әділетті билікке қалай жетіп келесіз деп сұрағыларың келіп отыр ғой! – деп сөзін сабақтапты.

– Көптің талап-талғамынан шыға білу – кімге болсын оңайға соқпаған. Әлгі өздеріңіз тыңдаған әңгіме мазмұны да осыған саяды. Дегенмен де, ел тізгінін ұстаған адам, қалайда, тығырықтан шығар жол табуға, елінің ойынан шығар оң шешім табуға міндетті. Бар күш-жігеріңді ел мүддесі үшін жұмсау,

жұртыңа адал қызмет қылу, қолыңнан келгенінше, өзіңе сеніп, үмітін артқан әлеуметтің тілегінен шығып, көкейіндегісін тауып, әділетпен басшылық жасау – парыз! деп ой қорытыпты.

Төле би – би-шешен ретінде ғана аты шықпаған, елге басшылық қызмет атқарған, Ташкент, Түркістан шаһарларын билегендігі белгілі және ол бұл шаһарларға билік жүргізіп қана қоймай, Түркістанды бүкіл еліміздің астанасы етсе, Ташкентті де жұртымыздың бас қаласы, әрі түркі халықтарының басын қосар орталығына айналдыра алған. Төле би аса көреген саясаткер, мемлекеттік қайраткер ретінде Қазақ Ордасының әлеует күш-қуатын арттыра беруді, империя ықпалына түспеуін ойлады, өзінің ұзақ жылғы қызметінде осындай маңызды мәселелерге мән беріп отырды және мақсат-мүдделеріне қол жеткізе де білді. Осы артықшылықтарымыздан кейінірек айырылып қалғанымыз рас...

Демек, бидің басшылық қырлары, ұйымдастырушылық қабілет-қарымы, оның сөз құдіреті мен ел ұстау қасиетін қатар меңгерген жан-жақтылығын таныта түседі. Тіпті, бұл Төле бидің өзгелерден дара тұрған, оқшау қыры және оның сөз саптасынан, жалпы даналық тұжырымдарынан, осы санқырлы қасиеті, әсіресе, мемлекеттік, елдік, отаншылдық турасындағы аса зор тағылымды пайымдауларынан осы бөлекше қасиет-қырлары менмұндалап тұрады.

Төле бидің мемлекеттік, елдік ойлау деңгейінің аса жоғарылығы, биік ақыл-парасаты, кемелдігі, әсіресе, оның Әз Тәуке мен Абылай сияқты елге бас болуға лайықты хандарды, ең алдымен танып, осы екі ханды да тікелей ақ киізге көтеріп, барша қазақтың бағына хан тағына отырғызуға ықпал еткен ұлы еңбегі болды. Осы қазақ тарихында айрықша орын алар екі ханды билік басына келтіруге ықпал етумен ғана шектелген жоқ, олардың әрқайсысының оң қолы, басты серігі – ақылшысына айнала білді және билеуші төңірегіне Орта жүздің Қаздауысты Қазыбегіндей, Кіші жүздің Әйтеке биіндей өзі деңгейлес, мемлекеттік көзқарастары жоғары, елдік аяда шешім қабылдауға қабілетті, ой-өрістері биік, парасатты,

ақылман, сұңғыла билерді де топтастыра білді.

Кейбір зерттеушілердің жаңылыс айтатынындай, билердің құдіреті тек сөз, дау-жанжал айналасында, «Күлтөбенің басында күнде жиын» өткізумен ғана танылып қойған жоқ. Қазақтың билік басында, ханға серік, ақылшы бола білген үш биі жаугершілік шапқыншылық кездерінде Қазақ Ордасының әскери қорғаныс мәселелеріне де атсалысты. Төле биге қатысты әңгіме өрбітсек, ұлы бидің әскери стратег ретінде де аты шыққан. Ол, әсіресе, қалмақ-жоңғар шапқыншылығы кезінде Абылай ханның оң қолына айналып, күрес жүргізіліп жатқан жауапты шақтарда қасында жүрген. Мысалы, қазақ тарихында айрықша орын алатын Ордабасы жиынында басшылық атқарып, жауға тойтарыс беруге ұйтқы болған. Төле бидің, әсіресе, елшілік, халықаралық қызметтерде көп жүрген білгірлігі жиі кәдеге асқан, мысалы, Абылай хан жау тұтқынына түсіп қалғанда оны құтқарып алуда Төле бидің ықпалы күшті болған.

Мұның бәрін біз ұлы бидің жан-жақты қырларын аша түсу мақсатында мысалға алып отырмыз. Төле би танушылыққа тарыдай үлесімізді қосып жатсақ, сол мүддеміздің азды-көпті орындалғаны болмақ.

Туғанына 360 жыл толып отырған ұлы биге деген шексіз құрметімізді бірер шумақ жыр жолдарымен тұйықтағымыз келіп тұр:

*«Төле бидей даңғылым,
Бір басында мың білім,
Жеткен төбе билікке,
Одан озып қай биің?!
Төле биге кім жеткен,
Елдің заңын індеткен,
Қазыбек биім, Әйтекем,
Жолын берген құрметпен.
Төле биім – төбе би,
Даналығын тере біл.
Әрбір сөзі тағылым,
Әр лебізі – бір ғылым.
Төрт тарапты төбе би,
Түгендеген Төле би,
Ескі сөзді көне би,
Ел билеген төре би!..»*

Төле бидей даңғыл дана, сұңғыла биіміздің әруағына мың тағзым!!!

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК ҚЫРЛАРЫ

Қазақстанды мекендеген халықтардың өмірінде ғасырлар бойы небір оқиғалар мен өзгерістер болды. Соған қарамастан әдеп-құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген Қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін XX ғасырдың басына дейін сақтап келді. Көшпелі өркениеттің негізін қыпшақтар қалап, оны дамытуға Ұлы Даладағы қазақтар қоғамы зор үлесін қосты.



**Бахытбек ҚАЛАҒАНОВ,
Еуропа және Қазақстан Ұлттық
Жаратылыстану ғылымдарының
академигі, заң ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған
профессор**

Академик Салық Зиманұлының тұжырымы бойынша «Қазақ құқығының қалыптасып, жүйелі түрде дамуына алғы шарт болған үш факторды баса айтып өткен жөн. Біріншіден, Қазақтар және олардың ата-бабалары мекендеген Еуразиялық континенттегі жердің байтақ кеңдігі. Қазақ Республикасы бүгінгі күні аумағы бойынша әлемде 9-орында, 2,72 млн шаршы км, ал 200-300 жыл бұрын бұдан да – 1,5-2,0 есе үлкен аумақты алған. Екіншіден, көбінесе Шығыстан Батысқа қарай дүниені дүрліктіре ауысқан көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдар мен бірлестіктердің жүздеген жылдарға созылған жолдары, осы Еуразиялық дала арқылы өткен немесе одан басталған. Осы ұлы көш пен Орта Азия мемлекеттік құрылымдарының ауысуы және

ыдырауы барысында, олардың бөлшектері осы Қазақия деп аталатын «еркін» аумақты мекендеді. Олар өзіндік мәдени демократиялық, әдеттік-құқықтық дәстүрлерді өзімен ала келді. Үшіншіден, осы ұлан-байтақ кең далада соғыстар мен жаугершілік рухы бейбітшілік өмірге ертеден ауысты.

Жаулап алушылық, жорықтар этно-мәдени шеңберінде қорғау және өзін-өзі нығайту идеяларына ұласты. Қазақ даласындағы бытыраңқылықтың, өзара араздастықтың бірте-бірте бірігушілік идеяларына қарай ауысуы елдегі қоғамдық қатынастардың бірқалыпқа түсуіне ықпал етіп, еркіндік, бейбітшілік, ел бірлігі рухынан нәр алған құқықтық ережелердің рөлін арттыра түсті. Көптеген мыңжылдықтар бойына қазақ сахарасында ауысып отырған ірілі-ұсақты мемлекеттік құрылымдар, әсіресе, түркілер мен түркіленген одақтар ұлан-ғайыр далада өздерінің қалыптасқан түрдегі «әділеттік», «бостандық», «еркіндік» идеяларын мұра етіп қалдырды [1].

Қөшпелі қоғамның өзіндік ішкі даму заңдылықтары – осы талаптардың деңгейінде өмір-сүруге бейімделіп отырды. Көшпелі қоғам өзіне тиесілі ерекшелігі бар, өзін-өзі реттеуге қабілетті қоғам саналды. Сондықтан да, бұл қоғамға сол қоғамның заңдылығына бағынатын құқықтық жүйе қажет болды. Ондай құқықтық жүйенің көрінісі дәстүрлі қазақ құқығы болып табылады.

Қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі көшпелі-қазақ даласының бірнеше ғасырлық тарихи өткен жолының өмір сүру тәжірибесі мен дағдысының көрінісі саналады. Дәстүрлі қазақ құқығының қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшелік қазақ әдет құқығындағы ішкі өз-өзін реттеу факторында жатыр.

Мемлекеттің құқықтық жүйесінің пайда болуы мен даму тарихына барлық қоғамның рухани мәдениеті, мысалы, дін, философия, мораль, бейнелеу мәдениеті, ғылымы әсер етеді. Әдет-ғұрып заң қағидалары кез келген халық тарихында қалыптасып, қоғамдық қатынастарды реттеп отырған. Рас, көптеген халық әдет-ғұрып, заң-қағидаларын ұзақ мерзім сақтай алмаса, қазақ халқы өзіне тән заң нормаларын әдемі сақтап, тіпті осы күнге жеткізіп отыр. Оның үстіне қазақи әдет-ғұрыптық заң нормаларының негізі әділдік, теңдік заңдылық болғандықтан ол халықтық сипатқа ие.

Қазақтар әртүрлі жұмыс пен дау-дамайды, ұрыс-таласты, өз араларында болып жататын түрлі істі өздері билік етіп бітіруге дағды-

ланған. Сондай жұмыстарға төрелік айтатын билер болған. Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең көп тараған, халыққа барынша жақын әрі түсінікті, оның құрметіне бөленген және соған арқа сүйеген, сондықтан да, мейлінше пәрменді әрі қуатты салаларының бірі болды.

Сот билігінің көшпелілер қоғамындағы орнының биіктігі сонша, ол кейбір кездері хан билігінен де жоғары тұрған. Әрине, хан билігі қазақ қоғамындағы ең жоғары мемлекеттік билік болып есептеледі және ол солай болды да. Бірақ, ол өзінің осы дәрежесін қамтамасыз ету үшін сот билігімен әрдайым санасып отыруға мәжбүр болатын, соған әр кез арқа сүйейтін.

Халық ұғымында хан билігі мен сот билігін салыстыра салмақтағанда, әдетте сот билігіне басымдылық беріледі. Би – ханның ақылгөй кеңесшісі. Себебі, ұлттық санада сот билігі халыққа ең жақын тұрған билік саласы болып есептеледі. Би (сот) – ел қамқоры халық жанашыры әрі ақылшысы деген ой кең тараған еді. Сондықтан, хан билігі мен халық мүддесі арасында қарама-қайшылық туындап, ол асқына бастаған сәттерде сот билігінің дәрежесі өсіп, хан билігімен тайталаса бастайды. Егер сот билігі хан мен халық арасында төрелікке жүретіндей жағдайға жетсе, онда оның беделі хан билігінен де асып кететін [2].

Билер – өз заманының дәстүрлі құқықтары мен әдет-ғұрып ережелерін заңдылық тұрғысынан реттеп, заман ағымына қарай жаңартып отыратын білікті заңгерлер.

Көшпелілердің құқықтық өмірінің рухани түп қазығы олардың құқықтық танымында «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген дүниетанымдық мәні бар ұлағатты сөзбен айшықталған, халқымыздың құқықтық өмір саласының басты қағидасы, айнымас асыл өзегі. Кез келген құбылыс пен оқиға, талас-тартыс пен дау-дамай олардың пайда болуынан бастап, өшіп-сөнуіне дейінгі аралықта қағида негізінде қаралып бағалануы керек еді және солай болды да. Бұл қағида сот саласында да басты бағдар бола білді және оның мақсат-мұраттарын айқындауда шешуші рөл атқарды.

Қазақ қоғамындағы сот билігінің басты мақсаты – бітім еді.

Көшпелілердегі сот билігінің жалпы сипатына байланысты тағы бір қомақты мәселе – сот билігінің шешендік өнермен байланыстылығы. Сөз өнері (шешендік өнер) – көшпелілердің сот мәдениетінің негізгі тірегі, мәйегі, әрі құралы болды.

Қазақ өркениетінен – дала өркениетін, көшпенділер, әскери-демократиялық, қалалық, егіншілік және өзен өркениеттерін таба аламыз. Қазақ өркениеті – қазақ халқының және олардың ертедегі бабалары кассактардан (қасситтерден), шумер, арий, скиф, сақ; ғұндардан одан бері хорезм, қазар, түрік, қыпшақтардан көздің қарашығындай сақталып келе жатқан, өзіне тән ұлттық генотипі, ерекшелігі, шектелген үлкен кеңістігі бар, әлемде өзінің нық орнын алған мемлекеттігі бар, тұрмысының, мәдениетінің даму тарихының нәтижесі. Қазақ өркениеті сақ, оның ішінде кассак-массагеттер және ғұндар өркениетінің мұрагері. Қазақ өркениеті жаңа ғылыми бағыт әрі методология ретінде енді қалыптасып келе жатса да оның жасы үлкен әрі тәрбиелік маңызы зор [3].

Еуропа, Ресей, Нью-Йорк және Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдарының академигі, профессор Еренғайып Омаров «Қазақ өркениеті» идеясының авторы және оның теориясы мен тарихын зерттеуші ғалым. Қазақтарда көшпенділікпен қатар өзендік өркениет болғандығын, ертедегі қазақтардың кеме жасағандығын ғылыми тұрғыдан тұңғыш рет дәлелдеді. Қазақ өркениетінің – көшпенділік, қалалық, өзендік, әскери, егіншілік, дала өркениеттері болып бөлінетіндігін айқындады. «Қазақ өркениеті» тұжырымдамасы жаңа ғылыми бағыт ретінде отанымызда және шет елдерде қолдауын тапты. Үздіксіз зерттеулердің нәтижесінде Отырар кітапханасы өз заманында әлемдегі ең үлкен кітапхана болғанын дәлелдеді. Бұл әлемдік деңгейдегі үлкен тарихи жаңалық. Кітап жазып, қазақ халқының әлемдік мәдениетке қосқан үлесінің зор екенін дәлелдей білген білікті ғалым. Қазақ өркениеті тұжырымдамасы мәдени мұраға енгізілді [4].

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғасырда өмір сүрген Майқы биден (1155–1227ж.ж)

алады. Қазақ құқығының негізгі қағидалары Қасым хан (1511–1532 ж.ж), Есім хан (1598–1623 ж.ж.) және Тәуке хандардың (1680–1718 ж.ж.) тұсында қарастырылып, төтенше билер мен болыстық билер съезінің, XIX ғасырдан XX ғасырдың басына дейін билер сотының қаулыларымен өзгертіліп, толықтырылып отырды.

Қазіргі ұрпаққа «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті Жарғы» және төтенше билер мен болыстық билер съездерінде бекітілген: «Қарамола және Шұбар ағаш», «Шар күшік», «Верный және Тоқмақ», «Қоғалы», «Пішпен», «Атақұм», «Шар», «Жаркент және Ыстықкөл», «Үлкен Алматы» «Іле», «Құрбан қайық», «Айғыр көмген», «Көбкөл өзені», «Абақ карай». Ережелер Академик Салық Зиманов құрастырған «Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер» атты 10 томдық «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары арқылы жетіп отыр.

Жоғарыдағы аталған ережелер тұрғысында қазақ жұртында экономикалық қылмыстың бір түрі ұрлыққа қатысты қолданылатын жазаларды қарастырып көрсек:

1. Қасым ханның қасқа жолы мен Есім ханның ескі жолы ережесі бойынша – ұрлық істеген адамға екі түрлі жаза беріледі: біріншісінде адам жазаны басымен тартады, яғни, а) өлім жазасы. Орындалуы әртүрлі ат құйрығына байлап, не асып, не садақпен атып өлтіреді;

ә) дүре соғу. Көп алдында белгіленген қамшы санымен соғылады;

б) масқаралау. Айыпкердің бетіне күйе жағылып, қара сиырға теріс мінгізіп, мойнына құрым ілініп, ауылды немесе жәбірленушіні айландырады;

в) елден қуу. Өз елінен қуылады. Қайда барса да айыпкер еркінде. Етек кесіп елден қуу. Бұл жазамен жазаланғанды ешкім қабылдамайды.

Екіншісінде жазаны малмен тартады.

а) Құн тарту. Мұның өлшемі екі түрлі:

1) ердің құны;

2) әйел құны.

ә) айып тарту (үш тоғыз) қылмысына орай әртүрлі болады.

б) үш тоғыз мал (27). Қасқа тоғыз (бір тоғыз мал).

3. Қалы кілем (қара нарға қалы кілем жауып, айып беру).

4. Ат-шапан айып беру.

5. Азусыз ат, жиексіз шапан (бұл айтуы бар, алуы жоқ айып).

Өлім жазасын малмен өтеуге рұқсат етіледі. Бірақ, ердің құны 100 түйе, әйел 50-ден кем болмаған.

20-бапқа сай, кімде-кім үш рет ұрлық қылып қолға түссе, өлім жазасына кесіледі. 32-бап. Ұрлық ретінде өлтірілген ұрыға құн төленбейді. 39-бап. Бірінші рет ұрлық істеген ұры 27 есе (үш тоғыз) артық айып береді. 69-бап. Кімде-кім ұрлық істеп екі рет қолға түссе, сол мал-мүлік алынып, оның үстіне жарты құн төлейді. 70-бап. Кімде-кім ұрлық істеп үш рет қолға түссе, өлім жазасына кесіледі.

Ұрланған аяқты мал үшін ұрыдан ол малың көзі қайтарылады, көзі жоқ болып кетсе, оның орнына тұрарлық төлеуі алынады, оның үстіне бір қара ұрланғанның айыбына – ауыздықсыз ат, астарсыз шапан, он қараға дейін – қосымша «ат-тон» кесілген.

Он қарадан жоғары ұрлаған ұрыдан – «мойнына қосақ, артына тіркеу» дейтін екі қара айып алынады.

2. Жеті жарғы немесе алғашқы қазақ конституциясы бойынша ұрлық жасаған адам ұрланған мүлікті үш тоғызымен (27) қайтарады. Ал егер де мал ұрласа, кінәлі адам ұрланған 1 түйеге 27 түйе және бір құл қосып беруі тиіс. Сол сияқты 1 жылқыға 27 жылқы және бір түйе, 1 қойға 27 қой және бір ат қосып беруі тиіс. Жүз түйе 300 ат пен 1000 қойға тең. Ұрлық пен бірге кісі өлтірген адам жасаған екі қылмысы үшін жазаға тартылады.

Ұрлықты тыю, әлеуметті адалдыққа, еңбек етуге үндеу, соған тәрбиелеуге негізделген. Бұл бапта ру мен ру арасындағы ұрланған малға айып төлеу мөлшері нақты көрсетілген, мұнда аса қауіпті баукеспе ұрыларға кейде өлім жазасы кесілетіні де айтылған.

3. Шұбар ағаш ережесі бойынша (1894 және 1908 жылдар):

– 33-бап бойынша мал және дүние мүлік ұрлығы бойынша ұрланған бір ірі қара мал үшін елу үйден бір адам, 2-3 бас не бір мал ұрланса бүкіл болыстан бір адам ант беруге тиіс.

– 21-бап 1891 жылдан бастап съезд өтіп

жатқан уақытқа, яғни, 1894 жылға дейін ұрылар ұрланған малды, оның иесінің шығынын, сонымен қатар, өздерінің астындағы аттарын беруі керек. Бұлар ұрланған малдың егесіне төленеді.

40-бап. Ұрыларды ұстағандар олардың астындағы атын алады, егер ұры жаяу болса, онда ат төлейді, ал ұстатпай кетсе де, бәрібір астындағы атын береді.

34-бапта егер ұрының айып төлеуге мал-мүлкі жоқ болса, онда айып және бар жауапкершілік ұрыға ат берген адамға тартылу көзделген;

44-бапта егер ұрланған малды кімде-кім біліп тұрып пайдаланса, онда ол адам ұрлыққа қатыспаса да ұрымен бірдей жазаға тартылады деп бекітілді.

25-бапта ұрлық кезінде өлген ұрыға құн жоқ деп көрсетілген.

35-бапта үлкен жолда, иен далада жолаушыларды тонағаны, қыстаудан мүлік ұрлағаны үшін, нанға бара жатқан және келе жатқан адамдарды және саудагерлерді тонағаны үшін, ауылды шапқаны үшін және киіз үй алып кеткені үшін кінәлі адамдар шығынның орнын толтырып, зәбір шеккендердің пайдасына айып төлейді. Әйел адамдарды тонағаны үшін де, ер адамды тонағаны үшін де, қыстақтан, қыстаудан мүлік ұрлағаны үшін де бір ат, бір түйе айып төлейді деп көрсетілген.

4. «Қарамола» Ережесі бойынша (1885 жылы) Семей облысының уездаралық төтенше билер съезінде қабылданған:

37-бап. Ұрлық үшін қойылған жауапкершілік өте қатаң мүліктік жауапкершілікпен қатар 60 рет дүре соғу және 1 мерзімге дейін абақтыға жабу;

36-бап. Мүліктік жауапкершілік мына төмендегідей анықталған: ұрлық жасағандар – әрбір мал басына мойнына қосақ, артына тіркеу, қолда ат және билік ат айып төлеу; (қолда ат – әр ұрыдан бір-бір ат, көбінесе ұрылардың астындағы аттары).

39-бап. Ұрлыққа қолдау жасағандар ұрымен бірдей жазаға тартылу, соның ішінде дүре соғу мен абақтыға жабу жазалары басым түрде байларға қолданылуы;

58-бап. Ұрлықты үй, құлып бұзып немесе тікелей қастандық оймен жасағандар, ұр-

ланған нәрсесінен басқа бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді;

60-бап. Ұрымен қатар оның серіктерінің айып тартуы. Ұрының серіктеріне: 1) ұрыға ат берушілер; 2) ұрлыққа бірге барып не басқаша көмектескендер; 3) ұрланған малды жасырғандар; 4) ұрлықты біле тұрып жасырғандар жатады. Егер де бұл айтылған адамдар айыпты төлей алмаса, онда ұрланған малды біле тұрып, оны сатып алғандар төлейтін болады. Оның мұршасы жетпесе, ұрының үйі қайсы ауылда тұрса, сол ауылбасы төлейді. Ол болмаса, егер жәбірленген адам басқа уездікі болса, онда бүкіл болыстық қызметтегі адамдары және болыс халқы төлейді, т.т. деп жауапкершілікке ұрының өмір сүріп отырған ортасын тартқан. Бұл шара үш жылға немесе ұрлықтың түгелімен көзі жойылғанша деп жазылды. Ұрлықпен үш рет жазаға тартылғандар ауылдан қуылады.

5. 1883 жылдың 8 қыркүйегінде өткен Қоғалы съезінде жазылған Ереже бойынша ұрлық әрекеттері әшкере болып, дәлелденсе ұрыдан ұрланған 1 мал басы үшін 4 түлік малдан 6 бастан төлейді. Одан кейін кесілген малдан бір бас ел-жұртқа «жолы» деп берілуі керек, ондағысы қылығын түзейтін өз ортасы болғандықтан.

6. 1884 жылдың 6 наурызында өткен Тоқмақ уезінің Пішпек төтенше съезінің қаулысы бойынша ұрлық істер бойынша ұрлығы жан берушімен не делелдеушімен дәлелденсе төлемін төлейді.

Ұрлық малдың бір басы үшін он бас мал төленеді, егер жауапкердің малы жоқ болып, төлей алмаса сол старшинствоның ондығына дейін жұрт жабылып көтереді. Ұрлығы үшін кесілген малдың төлемін болыс болып бере алмай, жұрт оны Сібірге жіберуге аяп, бірігіп

ұсыныс жасаса тек ұрлық малды ешбір айыпсыз иесіне қайтарады. Егер қауым ұрыны Сібірге айдатуға келісім беріп, бидің кескен мерзіміне Сібірге ұстап беріп жіберсе, мұндай жағдайда қуынып отырған жаққа тек алған малды қайтарады.

7. 1889 жылы 20 мамырда өткен Ыстықкөл және Жаркент уездері тұрғындары Ережесі бойынша:

– Біреудің әйелін ұрлағаны үшін әйелді кері қайтарумен қоса, 29 ат пен 1 түйе төленеді. Егер күйеуі талақ берсе, айып алынбайды (16 бап);

– Егер қазақтар мен қырғыздар ұрыны ұстаса, олардың әрқайсысы 4 разряд бойынша 15 ат пен 1 түйе төлеуі тиіс. Егер ұры айыбын мойнына алмаса, болыстан бір адам ант беруі тиіс (19 бап);

– Егер біреу басқаның қолда болған малын ұрлаған ұрыны ұстаса, ұры мінген атты, өзге 15 ат пен бір түйе айыпты ұрыны ұстаған алады, ал ұрланған нәрсені иесі алады (20 бап);

– Ұрланған нәрсеге кездейсоқ кезіксе немесе дәлелмен табылса, онда айыпты бір аттан 100 атқа дейінгі істе 15 ат айып төлеуге міндетті (21 бап);

– Ұры деп күдіктеліп ұсталған кінәсіз жолаушыға 1 ат айып төленеді (26 бап);

– Ұсталған, бірақ, кейін қашып кеткен ұрылар ісі 15 ат пен 1 түйе төлегенше ант беруге жіберілмейді (28 бап);

– Егер ұры айыбын мойындап, ұрланған нәрсені қайтарса, бұл ұрлыққа жатпайды әрі айып салынбайды (34 бап);

Жоғарыдағы аталған Ережелердегі ұрлыққа қатысты нормалар өткен дәуірдің әділдік пен кешірімшілдік, қайырымдылық арқылы адал, парасатты қоғам мүшелерін тәрбиелеу жолының XX ғасырдың басына жеткен жаңғырығы тәрізді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақтың ата заңдары, құжаттар, деректер және зерттеулер», 1 том, Алматы; Жеті жарғы, 2004. Салық Зиманов «Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары».
2. Қ.Омарханов «Дәстүрлі құқықтағы билер соты». 2-кітап, Алматы; 2008
3. Е.Омаров «Краткая история казахской цивилизации». Алматы: Арда, 2005.-237с.
4. Е.Омаров «Қазақ өркениетін зерттеудің теориялық-методикалық негіздері. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы» (Мәдени мұра) 20-томдық. 19т.-Астана: Аударма, 2006.-407-423бб.

РӘМІЗ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Рәмізтану – рәміз тарихын зерттейтін ғылым. Алайда, рәмізтану отандық ғылымда дербес сала ретінде енді ғана қалыптасып келеді. Әр халықтың даралығы, өзіндік ерекшелігі шыққан тегі, тілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен өлшенеді. Рәміздер қалыптасу барысында талай тарихи кезеңдер мен бір-неше әлеуметтік сатылардан өтті.

Рәміздер туралы сөз қозғағанда әлемдік һәм ұлттық рәміздердің ара-жігін ажыратуымыз керек. Әлемдік, халықаралық терминдерді қолданғанда мұқият және сақ болғанымыз жөн. Батыстық үлгіде қалыптасқан прагдиамалар негізінде ұлттық рәміздер зерттелмейді, зерделенбейді, яғни, геральдика қағидалары мен түсініктері түрік рәміздері, оның ішінде ұлттық рәміздердің мазмұнын аша алмайды. Себебі, сол терминдердің этимологиясында империалистік амбицияны көздеген, өзге елдердің құндылықтарына қарама-қайшы ұғымдар болуы мүмкін.

Рәмізтану ғылымы ұлттық рәміздер және әлемдік рәміздер тарихын қарастырады. Мемлекеттік рәміздер мәселесі алғаш сөз болған жылдарда «рәміз» атауына байланысты бірқыдыру пікір болған екен. Рәмізтану ғылымының негізін қалаған Ербол Шаймерденұлы «рәміз» терминін ұсынған. «Қазақ елінің рәміздері», «Елтану әліппесі», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік рәміздері», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Тәуелсіздік нышандары», «Елтаным» құнды кітаптары – Ербол Шаймерденұлын толық дәрежеде тұңғыш рәмізтанушы атауымызға негіз.

Біздің байқауымызша, төл рәміздердің құрылымдық жүйесін түзуде Еуропа, Ре-

сей ілімдерін негізге алған рәмізтанушы әлемдік рәміздердің қағидалары мен жіктелуін нақпа-нақ көшірмеген. Ғылымның жаңа бағытын қалыптастырған Ербол Шаймерденұлы әлемдік рәміздер мен ұлттық рәміздердің ұқсастығын, өзгешелігі мен ерекшелігін ежелгі дәуірлердегі деректемелерге назар аудара отырып көрсеткен.

Тұңғыш рәмізтанушы не себепті «геральдика» терминін қолданбады, неге «рәмізтану» терминін ұсынды. Осы мәселеге ой жүгіртіп көрсек.

Адамзат мәдениетінің екі тармағы, екі өркениет және екі түрлі дүниетаным Шығыс және Батыс әлемі. Батыс геральдикасының басты символдық негізі өзінің діни дүниетанымынан бастау алады (крест-белгі).



Батыс Европа және орыс гербтері тарихын жан-жақты қарастырған А.Б.Лакиер алғаш рет 1855 жылы Петербургте басылған «Русская геральдика» еңбегінде «геральдика» түсінігі крест жорықтарынан бастау алатынын баяндайды. «Позднее, например во время Крестовых походов, когда дворянство и рыцарство всей Западной Европы, вдохновившись одной святой идеей, шло на Восток для освобождения Гроба Господня, необходимость в этих знаках была еще настоятельнее, и мы увидим, что это событие было одним из главных, давших толчок развитию гербов».



КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ

Дәл осы кітапта А.Б.Лакиер: «Крест, символ той святой цели, для которой предпринимался поход, был виден повсюду, разных цветов, в различном положении. Если до этой эпохи крест нередко красовался на гербах, то Крестовые походы внесли его в гораздо большее число гербов рыцарей, поднимавших оружие за святой крест» деп түсіндіреді.

Еуропа тарихшыларының жүзжылдық пікірталасына айналған Орта ғасырларда діни белсенділіктің күшеюімен үдеген крест жорығы «геральдика» түсінігін тудырды. Крест жорықтары кезінде кресшілер крест-белгіні матадан қиып, оны киімдеріне тігіп, жорыққа аттанушының (христиандар) ең негізгі белгісі ретінде қолданған. Сегіз рет ұйымдастырылған жорықтың «крест жорықтары» аталуының себебі осы.




Рис. № 10. Русскіе флаги въ Кіевской таблицѣ 1709 года.

ЕЖЕЛГІ ОРЫС ТУЛАРЫ

Батыс Европа елдерінің бүгінгі туларында, гербтері тағы өзге рәміздер жүйесінде жоғарыда сөз еткен шіркеу белгілерін байқау қиын емес. Ресей батыстық құрылымды нақпа-нақ көшіріп (дүниетанымдары бір) геральдиканы ғылым ретінде дамытып отыр.

Елімізде өздерін «геральдиспиз» деп жарнамалап жүргендер бар. Геральдика ғылыми анықтамасында гербтер тарихын зерттейді. Гербтер тарихын зерттеуші – геральдист. Ал түркі елдерінде герб болмаған.

Геральдика ғылымы түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын (ежелгі тотемдік белгілер, ру, тайпа, қаған, қағанат таңбалары, байрақ-тулары, мөр, кірке) әлеуметтік-саяси мақсатта қолданылған рәміз, нышан, белгі, яғни, ұлт пен ұлыс, тайпа мен ру таңбаларының сыр-сипатын, қызметін арнайы зерттемейді. Батыстық құрылымға негізделген, орыстың дүниетаным, дін тарихын баяндайтын геральдика ғылымы – халқымыздың наным-сенімдерімен астасқан киелі ұғымдар жиынтығы болып табылатын рәміздік белгі, таңбалық нышандар, т.б. туралы түсінік бере алмайды.

Рәмізтану ғылымы тарихи рәміздерді, таңбалар мен белгілердің шығу тегі мен дамуын, ғылыми жүйелеу, біріздендіру, рәміздік таңбаларды тану, олардың түрлері, маңыздылығы, қолданылу аясы және түркі өркениетінің тұтас тарихын айғақтайтын байырғы түркі дәуіріндегі рәміздік таңбалардан Елтаңбаға дейінгі белгілердің философиясы, семантикасы, символдық мәнін тағы басқа ұлттық дүниетанымға қатысты мәселелерді қарастырады.

Мысалы, рәмізтанушы «Елтаным» еңбегінде: «Ресейдің құрамындағы облыстар мен қалалардың барлығының елтаңбалары белгіленген ортақ тәртіппен жасалып, рәсімделіп отырған. Ресей империясының Заңдар жинағында қазақ жеріне қатысты алты облыстың (Ақмола, Семей, Жетісу (Семиреченская деп жазылған), Сырдария, Торғай, Орал) және бес қаланың Верный (Алматы), Петропавл, Семей, Торғай, Орал) рәміздерінің суреттері мен сипаттамалары берілген» дейді, әрі қарай «Елтаңбалардың арасындағы ең алғаш жасалғаны һәм принципті ерекшелігі бары – Қызылжар (Петропавл) қаласының елтаңбасы. Ол 1842 жылғы 7 қыркүйекте бекітілген. Бұл тұста Қызылжар – Тобыл губерниясының Ақмола облысындағы уезд орталықтарының бірі еді» деп көрсетеді.



1-сурет. Петр I патшаның шоқындыру кресті (наперсный крест) 2-сурет. Геральдикалық коронасы 3-сурет. Қалалар гербтері

Орыс билеушілерінің қол астына өткен Қазақстан қалаларының гербтерінде принципті түрде геральдикалық корона (тәж) көрініс тапқан. Геральдикалық коронаның (тәж) төбесінде геральдикалық крест орналастырылған және александр лентасымен көркемдеу дәстүрге енген.

І Петрдің Орта Азияны «Ключ к воротом в Центральную Азию» сөзін ескерсек, гербтердегі геральдикалық корона, геральдикалық крест, александр лентасы тағы басқа бейнелерде отаршылдық әрекет, бодандық сипат анық көрінеді және әр өңірдің табиғи ерекшелігі (егін және мал шаруашылығы) орыс билеушілерін қызықтырғаны отаршылдық гербтердің идеясы әйгілеп тұр. «Болыстық

ел басқару саясаты мен Ресей империясының қазақтарды шоқындырып, орыстандыру саясаты қатар жүргізілді» дейді ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Абайдың «толық адамы» ілімі» кітабында.

А.Б.Лакиер аталған кітабында «Покажите мне ваш герб: я скажу, какого вы рода» дегенді айтады. Бұл сөзді қазақшаласақ «тегін білмеген тексіз» деген шығар еді. Ал, тек дегеніміз шежіре. Шежіре әр халықтың ру-тегін, таралауын баяндайтын ғылым. Осы орайда таңба және таңбатану, рәмізтануға қатысты деректерді жүйелеу, жандандыру жұмыстарын қолға алуымыз керек. Күллі түрік мәдени мұрасының негізі, арғы замандарда қолданыла бастаған көне таңбалар мен бағзы белгілердің тегі, даму барысы жайында біртұтас ғылыми зерттеу әлі жазылмаған деуге болады.

Елтаңбаның тегі таңбаларда. Сондықтан да, біз оны ЕЛТАҢБА деп атаймыз. Қазақ халқының өз дүниетанымы «шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын» – шаңырақ, босаға, кереге ұғымдары Мемлекеттік Елтаңбада анық көрініс тапқан.



«Көп түрік енші алып тарасқанда, Қазаққа қарашаңырақ қалған жоқ па?!», – дейді Мағжан ақын. Рәміз дегеніміз жалпы айтқанда, осы қарашаңырақ туралы киелі әңгіме. Яғни, ата-баба мұрасы, ұрпақ еншісі, мұрагер елдің төлқұжаты. Демек, Рәміздер (ту, елтаңба, әнұран) қазақтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани болмысы, таным-түсінігі, салт-дәстүрінен сыр шертетін этномәдени кодтар мен белгілердің жиынтығы, бабалардың рухы сіңген аяулы аманат.

Ж.БУЛТАНОВА,
филология ғылымдарының
кандидаты

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауды, оның ішінде балалардың зорлық-зомбылығына байланысты тергеліп жатқан әрбір істі бақылау арқылы қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті (1).

Еске салсақ, Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009–2011 жылдарға арналған тұжырымдамасында «Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – бала құқығын қорғауды қамтамасыз ету, бұл олардың Қазақстан Республикасының Конституциясында, халықаралық шарттар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітіліп берілген әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарының бүкіл толықтығын тануды болжайды, ал кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету оларды құқықтық қорғаумен тікелей байланысты» деп көрсетілген.

Қазақстанда ювенальды әділетті енгізудің басты бағыты заңнаманы жетілдіру болып табылады. Осыған орай, ювенальды әділет – бұл тек кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, оларға қа-



А.АКТУЛИЕВА,
Ақтау қалалық сотының әкімшісі

тысты сот төрелігін жүзеге асыруға арналған мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың кешені ғана емес, сонымен бірге тиісті заңнаманы қамтитын жүйе [2].

ҚР Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және есепке алу жөніндегі комитетінің ақпаратына сәйкес, республика бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты 2018 жылы – 3156, 2019 жылы – 2824, 2020 жылы – 1847, 2021 жылы – 1515, 2022 жылы – 1582, 2023 жылдың 3 айында – 345 қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған тұлғалар санының көрсеткіштері практикалық түрде бір деңгейде қалғаны және жыл сайынғы төмендеуінің оң үрдісі байқалады. Дегенмен, заңмен қайшылықта қалған кәмелетке толмаған бала көмекті, әсіресе, іс жүргізу процесінде кешенді сүйемелдеуді әрі қолдауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасының кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауын жүргізуде өзіндік ерекшеліктері бар. Кәмелетке толмағандар өздерінің жас ерекшеліктеріне орай, қылмыстық іс жүргізудің ең осал қатысушылары, сол себепті, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету тікелей мемлекеттің міндеті.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 56-тарауы қылмыс жасалған кезде он төрт жасқа толған, бірақ, он сегіз жасқа толмаған адамдарға қатысты іс жүргізу тәртібін қарастырған, онда қылмыстық құқықбұзушылық субъектісінің жасын ескере отырып, қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің және сот талқылауының жалпы тәртібін толықтырады және кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық істер бойынша объективті шындыққа қол жеткізудің белгілі бір кепілі болып табылады.

Әрине, әрбір іс бойынша шындықты тану, ол тікелей дәлелдемелердің толықтығымен, жан-жақтылығымен және объективтілігімен байланысты. Ал іс бойынша кәмелетке толмағандардың қатысуымен дәлелдемелер жинау үшін процесті жүргізуші органға қосымша талаптар жүктелетіні де белгілі. Сол талаптардың бірі қылмыстық іске заңды өкілдің қатысуын және олардың заңмен белгіленген құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңды өкілдің негізгі рөлі, оның сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен сот отырысы барысында кәмелетке толмағанның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғай отырып, психологиялық және моральды түрде қолдау көрсетуін жатқызуға болады. Бұл заңды өкілдің қылмыстық іс жүргізуге қатысуының орынды екенін дәлелдейді. Себебі, заңды өкіл

белгілі бір дәрежеде қорғауды кәсіби-заңды тұрғыдан емес, моральдық тұрғыдан жүзеге асырады.

Заң шығарушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу мақсатында, кәмелетке толмағанның өмір жағдайы мен тәрбиесін, қылмыстың жасалуына себеп болған мән-жайларын анықтау үшін заңды өкілдің рөлін айқындаған.

Ал, Қылмыстық процестік кодекстің (ҚПК) 7-бабының 13) тармағында заңды өкіл ретінде іске қатысуға тартылуы мүмкін адамдардың толық тізімі келтірілген. Олар – ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, сондай-ақ, күдіктіні, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері [3].

Айта кету керек, қолданыстағы заңнаманың талаптары жақын туыстарының барлығын заңды өкіл ретінде қатыстыруға жол бермейді, тек қана ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағында көрсетілген адамдар ғана болады. Алайда, тәжірибеден кәмелетке толмағанның заңды өкілі ретінде жақын туыстарын да тану фактілері орын алатынын байқауға болады. Жақын туыстарға қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес, ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата-әже, немерелер жатады.

Мысалы, тергеп-тексеру сатысында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 106-бабы 2-бөлігінің 7) тармағымен сотқа берілген кәмелетке толмаған К.-ның ата-анасы Тараз қаласында болуына байланысты, заңды өкілі ретінде Астана қаласында тұратын туған апасы А. танылған. Алайда, іс сотқа келіп түскенде, сот заңды өкілдердің тізімі процестік нормамен бекітілген және шектеулі болғандықтан, ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағы негізінде кәмелетке толмаған К.-ның заңды өкілі ретінде анасын танып, тиісті қаулы шығарған.

ҚР ҚПК-нің 537-бабына сәйкес, заңды өкіл, ал ол болмаған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі іске тергеушінің қаулысымен кәмелетке толмағаннан күдікті ретінде алғашқы жауап алған кезден

бастап қатыстырылуы тиіс. Бұл ретте, тергеушінің кәмелетке толмағанның басқа қаладағы заңды өкілдерін қатыстыра алмауы себепті тергеу әрекеттерін жүргізу үшін жақын туысын қатыстырғаны ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағына қайшы екенін байқаймыз.

Осы тұста ата-анасы бар, бірақ, басқа қалада болуына байланысты қатыстыру мүмкін болмаған жағдайда, тергеуші заңды өкіл ретінде кімді қатыстыру қажет еді деген сұрақ туындайды. Сондай-ақ, заң шығарушы «заңды өкіл болмаса» деп ата-анасының мүлдем болмауын көздеп отыр ма, әлде қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайды танып отыр ма? Тергеуші осындай жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органы өкілін тарта алады ма? Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына сай, «егер кәмелетке толмағанның ата-анасы болмаса, жалғыз тұрса не оны басқа біреу асырап, тиісті түрде оның қорғаншысы немесе қамқоршысы болып тағайындалмаса, іске міндетті түрде қорғаншы және қамқоршы органдарының өкілдері қатыстырылу қажет» [4].

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңның 43-бабына сәйкес, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға өкілдік ету мен оның құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау уақытша, баланы отбасына немесе балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асырушы ұйымға орналастырғанға дейін қорғаншылық және қамқоршылық органына жүктеледі деп көрсетілген [5].

Аталған нормалардан заңды өкілдер мүлдем болмаған жағдайда, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының өкілдерін қатыстыратынын түсінуге болады. Сонымен, қорғаншылық және қамқоршылық органының заңды өкіл ретінде қатысуы бөлек мәселе болып табылады. Қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілі бірнеше шарттар сақталған жағдайда заңды өкіл ретінде тартылуы мүмкін: 1) кәмелетке толмаған адамның ата-анасының немесе асырап алушыларының болмауы; 2) кәмелетке толмағанды тиісті мекеменің немесе ұйымның қамқорлығына беру туралы қорғаншылық және қамқоршылық органының шешімі болмағанда; 3) қорғаншы және қамқоршы органның

кәмелетке толмаған адамға қорғаншы немесе қамқоршы тағайындау туралы шешімі болмағанда. Осыған байланысты, қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілін қылмыстық процеске тартудың тиімділігі және оның мүдделері кәмелетке толмаған адамның мүдделеріне қаншалықты сәйкес келетіні туралы мәселе туындайды. Сондықтан, қорғаншылық және қамқоршылық органы қызметкерін заңды өкіл ретінде тарту ерекше жағдайларда ғана жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілін ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағында көзделген заңды өкілдер тізіміне енгізу қажет деп санаймыз.

Демек, заңды өкілі бола тұра, уақытша қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ата-анасы кіріскенше қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілін тарту да дұрыс емес. Аталған жағдайда тергеуші шын мәнінде тығырыққа тіреледі. Сондықтан, кәмелетке толмағанның заңды өкілдері деп танылуы мүмкін адамдардың тізімін кеңейтіп, ҚПК-нің 7-бабының 13) тармағын толықтырып, оны мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз: «заңды өкілдер – ...басқа да жақын туыстары, сондай-ақ, ...қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілі».

Бұған қоса ҚПК-нің 7-бабында «заңды өкілдер» термині тек кәмелетке толмаған күдіктілерге, айыпталушыларға және жәбірленушілерге, азаматтық талапкерге қатысты қолданылатыны белгіленген. Алайда, заңды өкілдері қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын кәмелетке толмағандардың барлығына қатысты ескерілмегенін байқауға болады. Қылмыстық процестегі заңды өкілдер кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының және жәбірленушінің ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмаған куәлардың (ҚПК-нің 215-бабы), кәмелетке толмаған сотталушының (ҚПК-нің 75, 542-баптары), үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешу кезінде кәмелетке толмаған сотталғанның (ҚПК-нің 481, 488-баптары) мүдделерін білдіреді.

Сондықтан, ҚПК 7-бабының 13) тармағына толықтырулар енгізіп, «заңды өкілдер – күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, жәбірленушінің, куәнің,

азаматтық талапкердің...» деп көрсеткен жөн деп санаймыз.

Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері болған жағдайда олардың іске қатысуы міндетті болып табылады. Кәмелетке толмағанның ата-анасының біреуі немесе екеуі де заңды өкіл ретінде қатыса алады. Егер ата-ананың бірі қорғаушы ретінде қатысса, бір мезгілде кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі ретінде қатыса алмайды. Ал, олар болмаған кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы өкілінің қатысуы міндетті [3]. Бұл ретте, кәсіби қорғаушының іске қатысуы кәмелетке толмаған айыпталушының, күдіктінің, сотталушының заңды өкілін іске қатыстыру міндетінен босатпайтынын айта кеткен жөн.

Сотқа дейінгі іс жүргізуде заңды өкіл кәмелетке толмағанға не жөнінде күдік келтіріліп отырғанын білуге, тергеу әрекеттеріне қатысуға, іс материалдарымен танысуға және ондағы жазбалардың дұрыстығы мен толықтығына жазбаша ескерту жасауға, өтінісхаттар, қудалау органдарына сенімсіздік туындағанда қарсылық білдірулер мәлімдеуге, олардың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіруге, дәлелдемелер ұсынуға құқылы [3].

Сондай-ақ, сотта да заңды өкіл барлық сот отырысына отырысына қатыса отырып, өздеріне тиесілі құқықтарды пайдалана алады. Әдетте, сотта кәмелетке толмағанның заңды өкілі ретіндегі функциясын сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында танылған адам жүзеге асырады. Заңды өкілдер, сотта істі сот талқылауына дайындау сатысынан бастап кіріседі және соттың қарауына жататын түрлі өтініс-

хаттарды мәлімдей алады. Сондай-ақ, заңды өкілдің келісімімен, кәмелетке толмағанның өмір салты мен тәрбиесінің мән-жайлары туралы олардан куә ретінде жауап ала алатынын ескеру керек. Сонымен қатар, заңды өкіл сотталушының қорғаушысы немесе азаматтық жауапкер ретінде сотқа қатысуға құқылы. Алайда, заңды өкіл кәсіби қорғаушыны алмастыра алмайды. Кәмелетке толған сәттен бастап заңды өкілдің міндеті тоқтатылады, бұл жөнінде қылмыстық қудалау органдары қаулы шығарса, сот басты сот талқылауының хаттамасында тиісті мәлімет енгізеді.

Заңды өкілдер құқықтарды ғана иеленіп қоймай, сонымен бірге сотталушының заңды мүдделері мен құқықтарының қорғалуын, істің мән-жайларын барынша зерттелуін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерге ие болады. Сондықтан, заңды өкілдің құқықтарын шектеу қылмыстық-процестік заңнама талаптарын елеулі түрде бұзып, кәмелетке толмағанды қорғану көмегінен айырылуына алып келеді.

ҚПК-нің 215-бабында кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде заңды өкілдері қатысуға құқылы екендігі көрсетілген. Ал, осы кодекстің 537-бабында кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу кезінде заңды өкілдің қатысу міндеттілігі көзделген. Бұл ретте, куә мен жәбірленушіден де жауап алу кезінде заңды өкілдің қатысуын міндеттеу қажет.

Мақалада жасалған тұжырымдар, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында қылмыстық процестік заңнаманы жетілдіруге септігін тигізеді деген пікірдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына жолдауы;

«Қазақстан Республикасында ювенальды әділет жүйесін дамытудың 2009 – 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 тамыздағы N 646 Жарлығы,

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі;

«Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2002 жылғы 11 сәуір № 6.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 заңы.

Аян МҰХАМЕТҚАЛИЕВА, Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаментінің директоры:

«МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ БАЛАМА ТЕТІКТЕР ЕНГІЗІЛДІ»

– Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Әйтсе де айтылатын сын көп. Соның ішінде МӘМС-ке қатысты түсінбеушілік пен реніш толастамай келеді. Мұны Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында да айтты. Содан бәрі бұл мәселе қаншалықты өзгерді?

– 2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесі есебінен медициналық көмек алуға 16,5 млн адам немесе жалпы халықтың 83,2 пайызы құқылы. Олардың басым бөлігі жеңілдік санатына кіретін 11,7 млн адам. Қазіргі таңда 3,4 млн адамның сақтандырылған мәртебесі жоқ. Олар өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, тұрақты табысы жоқ жұмыссыздар немесе жұмыссыздық бойынша әлеуметтік мәртебесі расталмаған азаматтар. Осындай сақтандырылмаған азаматтарға «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексіне сәйкес денсаулық сақтаудың барлық бастапқы қызметін (МСАК, жедел медициналық көмек), әлеуметтік мәні бар



және негізгі созылмалы аурулар, инфекциялар кезіндегі медициналық, паллиативтік көмекті, сондай-ақ амбулаториялық дәрімен қамтамасыз етуді көздейтін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде медициналық көмек көрсетіледі.

Сонымен қатар, қандай да бір себеппен табысы жоқ немесе халықтың әлеуметтік осал тобына жататын адамдар үшін МӘМС жарналарын төлеуді мемлекет өз міндетіне алады. Егер азамат жұмыссыз қалса немесе табысы болмаса, тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту орталығына жүгінуге және жұмыссыз ретінде немесе мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы ретінде өтініш беруге құқылы. Бұл жағдайда мемлекет жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шарасын жүзеге асыруға, сондай-ақ, МӘМС жарнасын төлеуге кепілдік береді.

Осыған байланысты, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры сақтандырылмаған азаматтарды МӘМС жүйесіне тарту мақсатында тиісті шаралар әзірледі. Соған сай 2022 жылғы 5 қыркүйектен бастап дербес төлеуші ретінде алдағы 12 айға жарна төлеп, 1 жыл бойы сақтандырылған мәртебесін алу мүмкіндігі берілетін балама тетік енгізілді. Бұрын азаматтар мәртебе болу үшін, өткен 12 айға жарна төлеуге міндетті еді. Ал алдағы 12 айға төлем жасап, 1 жыл бойы МӘМС есебінен медициналық көмек алу мүмкіндігін көптеген азамат пайдаланды. Биыл олардың саны бірнеше есе артты. МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған азаматтар, сондай-ақ жүйеге бір де бір рет төлем жасамаған немесе оны жүйесіз жүргізген дербес төлеушілердің барлығы бұл мүмкіндікті қалт жібермеуге тырысады.

– Ал осы жүйе аясында көрсетіліп жатқан қызметтің сапасы жайлы не айтасыз? Байқауымызша жұртшылық тарапынан бұған қатысты базаға баршылық. Көпшілігі емханалардағы қаптаған кезекке наразы.

– 2023 жылғы 1 ақпаннан бастап емханалар қызметі үшін сызықтық шкала енгізілді. Бұған емханалардағы медициналық қызметті тұтынудың бақылаусыз және негізсіз өсуі түрткі болды. Мұның басты себептерінің бірі – көлемдерді бірлесіп орындауға беру. Бүгінде осындай шартпен медициналық ұйымдардың 80 пайызы жұмыс істеуде. Мұндай медициналық ұйымдар халық үшін сапа мен аумақтық қолжетімділікті қамтамасыз ете алмайды. Осыған байланысты, медици-

налық қызмет көрсетушілерге қойылатын талапты қатаңдату және бірлесіп орындауға берілетін медициналық көмектің шекті көлемін белгілеу мәселесі де пысықталуда.

Қазақстанда халықаралық тәжірибеге сай қызмет көлемін басқару үшін 2012 жылы стационарлық қызметтерге сызықтық шкала енгізілді. Бұл орайда, медициналық қызметтің жекелеген түрі бойынша қосымша ақы төленеді. Ол балалар мен ересектердің онкологиясы, жоғары технологиялық операциялар, инфекция, босану және стационарлық жағдайда балаларға медициналық көмекке жұмсалады. Ал басым бағыттар бойынша, атап айтқанда, жүкті әйелдерді бақылау, профилактикалық тексеру, онкологиялық науқастарға арналған қызметке сызықтық шкала қолданылмайды.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 19 сәуірдегі елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмасы аясында, қордағы Денсаулық сақтау министрлігінің шашыраңқы ақпараттық жүйелерінен төлем функционалын ауыстыруды ескере отырып, шарттар жасасу және жүргізу процестерін цифрландыру, мониторинг, медициналық көмекке ақы төлеу жөніндегі «Е-Денсаулық» бірыңғай цифрлық платформасы шеңберінде «Медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесін» дамыту жобасы басталды. Оған сақтандыру орталығының сарапшылары мен Цифрлық үкіметті қолдау орталығының мамандары тартылды.

– МӘМС-ке бөлінген ақша қыруар. Бұл қаржыға не істелінді? Көпшілік әзірге МӘМС басында отырған бір топ қызметкердің қомақты айлық алатынынан басқа ақпараттан бейхабар. Ал медициналық қызметтің сапасы сол баяғы қалпында сияқты.

– Қазақстанда МӘМС-ті енгізу бірінші кезекте азаматтардың әлеуметтік және экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы әрі қолжетімді медициналық көмектің жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттігінен туындады. Денсаулық сақтауды қаржыландырудың жаңа тетігін құру және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна мен аударым жасау арқылы

мемлекет, жұмыс беруші мен халық арасында қаржылық жүктемені әділ бөлу көзделді. Бұл ретте мемлекет МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан, әрбір азаматқа қолжетімді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етумен қатар, халықтың әлеуметтік осал тобын, оның ішінде балалар, жүкті әйелдер, мүгедектері бар адамдар, зейнеткерлер, жұмыссыздар және тағы басқа азаматтар тобын қорғау жауаптылығын өзіне қалдырды. Бүгінгі таңда мемлекеттік бюджеттен 15 жеңілдік санатына кіретін 11,7 млн адамға аударым жүргізіледі.

МӘМС денсаулық сақтау жүйесін біртіндеп қаржыландырып, өзінің негізгі міндетінің бірін орындап отыр. 2019 жылы халықтың медициналық қызметтерге қажеттілігіне 1,3 трлн теңге бағытталды. Салыстыру үшін айтар болсақ, 2010 жылы бұл көрсеткіш екі есеге төмен, яғни, 562,8 млрд теңге еді. МӘМС жүйесі енгізілген 3,5 жыл ішінде қаржыландыру екі есе артты. 2021 жылы бұл көрсеткіш 1,8 трлн теңгеге, 2022 жылы 2,2 трлн теңгеге өсті. 2023 жылы медициналық көмекті қаржыландыруға 2,5 трлн теңгеден астам қаражат қарастырылды. Оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қаржыландыру 1,3 трлн теңгеден 1,4 трлн теңгеге өсті. Бұл орайда медициналық қызметтің негізгі тұтынушысы – азаматтардың жеңілдетілген санаттарына жұмсалған шығыс – МӘМС-тің жалпы көлемінің 73,4 пайызына тең.

МӘМС есебінен дәрігер қабылдаулары, зертханалық талдаулар және диагностикалық зерттеулер қолжетімділігі 7 есе артты. Мысалы, бейінді мамандардың консультациялары мен диагностикалық зерттеулер саны 20 миллионнан 142 миллионға дейін өсті. 3 жарым жыл ішінде қазақстандықтарға 13 млн стоматологиялық қызмет көрсетілді. Оның 11 млн-ы балаларға бағытталды. Пациенттерге медициналық оңалту қолжетімді бола түсті. 2022 жылы 253 мың адам МӘМС есебінен стационарларда медициналық оңалтудан өтті. Жоғары технологиялық медициналық көмекті қаржыландыру 3 жарым есе өсті. МӘМС енгізілгелі жоғары

технологиялық медициналық көмек 4 есе көп көрсетіле бастады. Қор ауқымды жұмыстарды атқаруда. Сол себепті, ол білікті адами ресурстарды, техниканы және ақпараттық жүйелерді қажет етеді.

– Мемлекет басшысы айтқан мәселелердің бірі медициналық көмектің мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеттеріне жасанды бөлінетіндігі. ТМҚКК және МӘМС жүйесі шеңберіндегі медициналық қызметтердің ағымдағы пакеттерін алу өте күрделі. Неге?

– Бұл мәселе бойынша нақты шаралар қолға алынды. Қор Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, ТМҚКК және МӘМС пакеттерін кезең-кезеңімен жетілдіру, оның ішінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұсыныстарды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде. Еске сала кетейік, Қазақстан азаматтарының ерікті медициналық сақтандыруға қатысу құқығына шектеу жоқ. Бұл құқық «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабының 5-тармағында бекітілген. Әрбір азамат тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс немесе МӘМС жүйесінде өз қаражаты, ұйымдардың қаражаты есебінен, сондай-ақ, ерікті медициналық сақтандыру жүйесі және ҚР заңнамасына сәйкес, өзге де көздер есебінен қосымша медициналық көмек ала алады.

– Қазір қаптаған медициналық орталықтан аяқ алып жүре алмайтын халге жеттік. Ішінде бірде-бір құрылғысы жоқ, әр сала мамандарын екі-үш сағатқа шақырып, ақша жасап отырған медорталықтар жұмысын кім қадағалайды? Таныс-туысының тізімін жасап, пайда тауып отырған мұндай орталықтар жалпы денсаулық саласына көлеңке түсіреді деп ойламайсыз ба?

– Денсаулық сақтау министрлігі өзінің бақылау функциялары шеңберінде, сондай-ақ, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне бақылау мен мониторингті жүзеге асырады. Әкімшілік құқықбұзушылық тура-

лы кодексінде медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамағаны және сапасыз қызмет көрсеткені үшін, сондай-ақ, ақылы негізде ТМККК және МӘМС жүйесіне кіретін медициналық көмек көрсеткені үшін әкімшілік жауапкершілік көзделгендігін атап өткім келеді. Қазіргі таңда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс шеңберінде қордың медициналық қызмет көрсетушілермен өзара іс-қимылын реттейтін Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Онда біз МСАК-тың жаңа субъектісіне кемінде 10 мың адам бекітілетін талапты қарастырдық. Өйткені, жұмыс тәжірибесі көрсетіп отырғандай, МСАК Денсаулық сақтау субъектілері халықтың саны аз болған жағдайда толық емес және кешенді емес қызметтер көрсету қаупі бар. Бұл МСАК және ҚДҚ қызметтерін көрсетуді қамтитын медициналық көмек көрсетудің қолжетімсіздігі мен сапасының төмендеуіне әкеп соғады. Талап алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін көптеген шағын жеке клиникалардың құрылуына байланысты енгізілуде. Адамдар неғұрлым аз болса, клиника соғұрлым аз қаражат алады. Осы тұрғыда жалақыны төлеу, ғимаратты күтіп ұстау, жабдық сатып алу, бекітілген ҚДҚ халқын қызметтермен қамтамасыз ету қажет.

Тиісінше, шағын клиникалар алынған қаржыландыруға сәйкес келмейтін айтарлықтай шығынға ұшырайды. Сондықтан, олар өз штатында бейінді мамандарды ұстай алмайды, жабдықтар сатып ала алмайды және сәйкесінше барлық тіркелгендер басқа клиникаларға бірлесіп орындауға жіберіледі. Осы жерден бірнеше проблема туындайды. Біріншісі – пациентке медициналық көмектің қолжетімділігіне кедергі жасау, тест тапсыру, кардиолог/невропатологпен кеңесу немесе рентгендік тексеруден өту, ультрадыбыстық, КТ/МРТ – мұның бәрін пациент өз емханасында ала алмайды. Екінші мәселе – бірлесіп орындаушылар мен үшінші тарап ұйымдары алдындағы кредиторлық берешектің қалыптасуы,

шағын клиникалардың күрделі қаржылық жағдайы.

Пациенттердің шағын базасымен аурудың алдын алу және ерте диагностикалау бойынша тиімді бағдарламаларды ұйымдастыру қиынырақ. Тиісінше, диагностиканың сапасы, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жұмысы зардап шегеді, Сонымен қатар, профилактикалық бағдарламаларға қолжетімділік шектеледі. Тіркелген халықтың аздығынан ұйым экономикалық ауытқуға шыдамауы мүмкін. Мұның бәрі қызметкерлердің қысқаруына, бөлімшелердің, тіпті, бүкіл ұйымның жабылуына әкелуі мүмкін. Бұл ретте, аталған норма әкімшілік-аумақтық бірліктегі жалғыз субъект болып табылатын МСАК субъектілеріне қолданылмайтынын, сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған МСАК субъектілері үшін өтпелі кезең көзделгенін атап өткен жөн.

– Қазір дәрігерлердің біліктілігіне қатысты да айтылар сын аз емес. Соның салдарынан мүгедек болып қалып жатқан, мезгілсіз көз жұмған азаматтар да бар. Дәрігерлер қателігін, жауапсыздығын қайтсек жоямыз?

– Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында кадрлық қамтамасыз ету, соның ішінде оларды бақылау бойынша функция жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне берілген. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс нормаларына сәйкес, клиникалық практикамен айналысу Денсаулық сақтау саласындағы маманның тиісті сертификаты болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау саласындағы маман үздіксіз кәсіби даму үшін біліктілікті міндетті түрде арттыру керек. Сертификаты бар дәрігерлер мамандығы бойынша үш жылдан астам жұмыс өтілі үзілгенде, уәкілетті орган аккредиттеген ұйымда біліктілігін арттырып, тағылымдамадан өткеннен және кәсіптік даярлығын бағалағаннан кейін тиісті мамандық бойынша жұмысқа жіберіледі.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
журналист

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЖАҢҒЫРУЫМЫЗДЫҢ БЕЛГІСІ

Биыл Республика күні елімізде ұлттық мереке ретінде екінші рет аталып өтті. Былтыр 29 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған еді. Аталған заңға сәйкес, 25 қазан – Республика күні ұлттық мереке, ал 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке болып белгіленгені баршаға мәлім.



**Олжас КҮРЕҢБЕКОВ,
Қонаев қалалық сотының
судьясы**

Біздің еліміз үшін екі мерекенің де орны бөлек. Олай дейтініміз, Республика күні 2001 жылдан бастап ұлттық мерекелер тізіміне енген болатын, бірақ, 2009 жылы алынып тасталды.

Ал 2022 жылы маусым айында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Бұл күннің қайтарылуы халықты ерекше қуантты. Өйткені, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы Деклара-

ция қабылданып, еліміз тәуелсіздік алуға алғашқы қадамын жасаған болатын.

Елдің егемендігі туралы Декларация

Жоғарғы Кеңестің қаулысымен қабылданып, тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздер бекітілді. Сондай-ақ, алғаш рет ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бегіленді. Құжатта саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді өз бетінше шешу принципі де жарияланды.



ҚазКСР-і өзінің ішкі әскерлерін, мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарын құру құқығын алды. Ал Президент мемлекет басшысы, әкімшілік-атқарушы жоғарғы биліктің басшысы болып танылды. Осы декларацияның арқасында біз кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып, өз Ата Заңымызды айқындадық. Осы қағидаттардың негізінде кейінірек – 1991 жылғы 16 желтоқсанда – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданды.

«Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» заң қабылданған Қазақстан әлемдік қоғамдастық мойындаған тәуелсіз мемлекеттің заңды рәсімделген мәртебеге ие болды. Осындай жолдардан жүріп өткен еліміздің егемендігі бүгінде нық қалыптасты.

Қазақстанда адамның құқықтары мен бостандығы, заңды мүддесі Конституциямен қорғалған, соттың шешімінсіз ешкім де жазаланбайды. Жеке меншікке қол сұғуға заңмен тыйым салынған. Әр азаматтың өз еңбегімен жетістікке жетуіне барлық жағдай жасалған. Бұл, әрине, тәуелсіздіктің жемісі.

Егемендіктің арқасында іргелі елге айналғандықтан, тарихи күннің құндылығын арттыруды уақыттың өзі талап етіп отыр. Сондықтан, жалпыұлттық мерекенің мән-маңызы тек 25 қазанда емес, барлық уақытта жоғары деңгейде насихатталуы тиіс.

Республика мерекесі – әрбір қазақстандық үшін қастерлі күн. Қазіргі таңда әлем бойынша 120-дан астам елмен Қазақстан дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Бұл күнге жету, яғни, азат әрі еркін ел болу жолында қаншама арыстарымыз мерт болды. Сондықтан, азаттықтың бізге артар міндеті мол. Ол міндетке сай болу арқылы Тәуелсіздігіміздің тұғырын одан әрі нығайту, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында адал қызмет ету әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы.

Рухы мықты халқымыз небір қиын-қыстау заманнан өтіп, осы күнге жетті. Сондықтан, азаттыққа қол жеткізген күн біз үшін әрдайым қымбат.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛДІ САҚТАЙДЫ



Ел заңдарына енген медиацияны қоғамымызда құқықтық мәдениетті қалыптастыратын бірден-бір тәсілге санауға болады. Олай дейтініміз, арада туындаған дауды азаматтардың өздері келісіп шешуі олардың құқықтық сауаты мен мәдениетін арттырады. Қоғамдық келісімді нығайтуда, әлеуметтік, өзге де қайшылықтарды, қақтығыстар мен дауларды сындарлы диалог арқылы шешуде дау шешудің баламалы тетіктері маңызды рөл атқарады. Сондықтан, мемлекетімізде дау-жанжалды соттан тыс шешудің баламалы тетіктері қарқынды түрде жүргізілуде.

Медиация тәртібі, татуластыру шаралары, партисипативтік рәсім, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасы болсын, барлығы тараптардың ерікті қалауымен жүзеге асырылады және бұлардың әрқайсысында заң талабына сай, судьялар мен медиаторлар, адвокаттар, заң кеңесі консультацияларының мүшелері жәрдемдеседі. Медиациядағы басты мақ-

сат – дауды тараптардың өзара келісіммен аяқтауына қол жеткізу болып табылады.

Конституцияға сай, азаматтар өздерінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы жан-жақты қорғай алады. Бұған қоса, олар медиация тәсілдеріне де жүгінуге құқылы. Медиация көпшілікті «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» қағидатын

нық ұстануға бағыттайды. Халқымыздың ежелгі заңдарының түп-тамыры ізгілікке құрылған. Мысалы, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукенің Жеті жарғысы, Абайдың заң ережелерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, барлығында бітімгершілік жолы көзделген. Біздің қазіргі заңдарымызда олардың көрініс табуы сотқа да, халыққа да өз пайдасын беруде.

Бүгінде тараптарды татуластырып, дауды ортақ мәмілемен реттеуге медиаторлардан бөлек, ауыл ақсақалдары, Билер кеңесі, адвокаттар, татуластырушы-судьялар да араласуда. Бұл ретте Жоғарғы Сот тарапынан жүзеге асырылған жобалардың өз-өзін ақтағанын тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, сотқа келушілер алғашында судья-медиаторды тосырқай қабылдағанмен, уақыт өте келе көпшілік кәсіби медиатор мен адвокаттардан гөрі судья-медиатордың төрелік еткенін қалайтынын байқатты. Медиацияның пайдасы мен дауды сотқа жеткізбей шешудің тиімділігін соттар халыққа жан-жақты насихаттап, жеткізуде.

Даулы істерді азаматтар медиация, татуластыру шаралары, партисипативтік рәсім, сондай-ақ, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасының аясында өзара келісіммен бітіре алады. Дау-дамайды бітімгершілікпен бітіру ең алдымен халықтың ауызбіршілігін сақтау, тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдеу үшін керек. Бұған қоса медиация сот жүктемесін азайтады. Жүктеменің төмендеуі қосымша ізденуге, бұқаралық ақпарат құралдарына сот саласындағы өзекті мәселелер туралы мақалалар жазуға, ең бастысы күрделі істердің сапалы қаралуына ықпал етеді.

Медиативтік рәсімдер экономикалық дауларды шешуде өте тиімді. Мәселен, бизнес саласында іскерлік бедел мен уақыт әрқашанда жоғары орынға ие. Экономикалық даулар түрлі жағдайда туындауы мүмкін. Сондықтан, дауды тез арада ың-шыңсыз бітіргісі және серіктестік байланысты сақтағысы келетіндер медиацияға жүгінеді. Олар осы арқылы соттасып жүруге кететін уақыттан ұтады әрі жұмысын тоқтап қалудан сақтайды, т.б. кәсібіне, абыройына зия-

нын тигізетін барлық келеңсіздіктің алдын алады. Құпиялылық медиацияның басты артықшылықтарының бірі саналады. Медиацияда тараптар мүддесі тең көзделеді. Олардың ешқайсысына басымдық берілмейді. Айтып өтерлігі, бизнес саласында туындаған дауды қосымша келісім, шарттар аясында да реттеуге болады. Бұл ретте дауды бітімгершілік келісімдері арқылы бітірген тиімді.

Сотқа келушілерге дауды өзара келісіммен бітірудің ортақ пайдасы мен мән-маңызы, сондай-ақ, оның тәсілдері, тараптардың таңдауына қарай жүзеге асырылатыны жан-жақты түсіндіріледі. Нәтижесінде өзара тиімді шарттар бойынша келісімдер жасалады. Медиация тәртібінде ескеретін жайт, тараптардың келісімді заңды түрде жасауында. Келісімдегі талаптар заңға қайшы келсе немесе басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсанын тигізсе, сот оны бекітпейді.

Мемлекет басшысының жолдауында қажетсіз сот процедураларын қысқартуды және бизнесті қорғауды күшейтуді тапсырғаны бекер емес. Себебі, медиацияда істі бір күнде бітіруге болады, бұл іскер адамдар үшін өте пайдалы. Тараптардың бірі медиация туралы шартты орындамаған жағдайда, екінші жақ сотқа жүгініп, оны орындатуға құқылы. Кінәлі немесе кінәсіз ұғымының медиацияда қолданылмауы олардың өзара түсінісуіне жол ашады. Бітімгершілік жолының адам құқығы мен заңды мүддесін тиімді тәсілдермен қалпына келтіруді көздеуі дауласушыларды өзара ынтымақтастықта әрекет етуге талпындырады. Дау шешудің баламалы тәсілдерінің басты құндылығы да осында.

Еліміздің әрбір азаматы өркениетті түрде заңмен берілген мүмкіндіктерді пайдаланып, сол арқылы қоғамдағы дауекестікті азайтуға атсалысса, нұр үстіне нұр болар еді.

Шынар РГЕБЕК,
Алматы облыстық ауданаралық
мамандандырылған экономикалық
сотының судьясы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ



Сот – сот төрелігін жүзеге асыру, құқық бұзушыларға мәжбүрлеу шараларын қолдану жолдарымен қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қолсұғушылықтан қорғайтын мемлекеттік орган. Сот мемлекетпен бірге пайда болады, бірақ, мемлекет механизмнің дамуы мен арнаулы мемлекеттік аппараттың құрылуына байланысты өз алдына жеке орган болып бөлініп шықты. Мемлекетке дейінгі қоғамда дау-жанжалды тайпа ақсақалдары не көсемі, ерекше ру жиналысы, арнайы алқа шешетін. Соттан тыс жанжал шешу ғұрыптары да болды (мысалы, қанға-қан, талион қағидасы).

XVIII–XIX ғасырларда сотты және сот өндірісін ұйымдастырудың бірқатар демократия қағидалары алға шықты: сот пен заң алдында бәрінің тең болуы, сот өндірісінің ашықтығы мен жариялылығы, формальды дәлелдемелер жүйесінен бас тарту, судьяларды сайлау, кінәсіздік презумциясы. Соттар қызметі мемлекет механизмінің маңызды бөлігі ретінде толықтай арнайы заңдармен реттеледі. Сот мемлекеттік орган ретінде сот билігін мемлекет атынан жүргізеді, ал сот актілерінің орындалуы мемлекет күшімен қамтамасыз етіледі. Дәстүрлі қазақ қоғамында сот қызметін билер атқарды. Алайда, мүліктік, азаматтық дау-жанжалдың тараптары өзара келісім арқылы төрелік етушіні өздері таңдаған. Әдетте мұндай даулардың төрелігін сөзге шешендігімен және әділдігімен аты шыққан адамға тапсырған.

Әр мамандықтың өз ерекшелігі болады. Судьяның бір ерекшелігі – кез келген жерде кез келген даудың нүктесін қою. Мысалы, сіз әкімшілікке барсаңыз, олар мәселеңізді толық шешпеуі мүмкін. Олар сізді прокуратураға жібереді, ал олар «сотқа бар» дейді. Кез келген шешілмеген дау сотқа келеді. Ең басты ерекшелік те осы даудың нүктесін қоятындығында. Мысалы, полицияның айтқанына прокуратура бағынбауы мүмкін, әкімнің айтқанына прокурор, прокурорға әкім бағынбауы мүмкін. Ал сот актілеріне барлық орган бағынады, одан бөлек қарапайым халық та бағынады.

Соттардың басты міндеті – сот төрелігін әділ атқару. Сот келген істе ең бірінші тараптарға құқықтарын түсіндіреді. Қазіргі күні сот барысында міндетті түрде дауласқан тараптарды бітімгершілікке шақыру шарасы жүргізіледі. Бұл бұрыннан бар, алайда, бүгінде негізгі міндетке айналып отыр. Атақты ғалым Салық Зиманов «юриспруденцияның нағыз шыңы – судья болу» деген. Кез келген солдаттың генерал болсам деп армандауы секілді, барлық заңгер судья болуды армандайды.

Қазіргі кезде Қазақстан да басқа мемлекеттер секілді тұрмыстық жағынан, экономикалық тұрғыда даму үстінде. Егер біз ескі

заңдарды қолдана беретін болсақ, ол елдің дамуына кедергісін келтіреді. Ел дамыған жерде, заң да дамып отыруы керек. Істерді қарап, оның шешімін шығару біршама уақыт алады. Бізде заман талабына сай заңдар қабылданып, бұрынғы заңдар өзгертіліп жатыр. Заңдар сан емес, сапа жағынан озық болуы тиіс. Мысалы, коронавирус пандемиясы сот процесіне кедергі келтірмей қоймады. Алайда, техникалық жағынан дамыған сот саласы бұл проблеманы лезде шешті. Қазіргі таңда сот процестері онлайн режимде әртүрлі қосымшаларда өтіп жатыр. Адам шетелге кетіп қалған жағдайда да олармен байланысу қиындық тудырмайды. Бұдан еліміздің құқықтық саясатының дамығаны көрінеді. Себебі, құқық саласының кез келген ситуациядан шыға алғанына қарап, жақсы дамып жатқанын байқауға болады.

Тағы бір мысал айтсақ, бұрын адамдарды табу оңай болмады. Оларды іздеу біраз уақыт алатын. Ал қазіргі дамыған техника осы мәселені жеңілдетті. Бұрын кейбір істер кешіктірілген болса, қазір бәрі уақытында, тіпті, уақытынан бұрын шешіліп жатады. Сонымен қатар, кейбір оңай істерді мемлекеттік органдар мен нотариустерге берген. Кейбір істер бұйрық шығару арқылы өндіруге болатын етіп жасалынған. Бұл уақыт жағынан тиімді болды. Әрине, қазір халық құқықтық сауаттылық жағынан дамыған. Мысалы, қазіргі кезде адамдар сотқа заңгерсіз қатысып жатыр. Себебі, олар конституциялық заңдарды, өздерінің құқықтарын біледі [3].

Бұрын заңгер табу қиын еді. Қала бойынша 15-20 заңгер болған болса, қазір бұл оңай шаруа. Бүгінде олардың арнайы палаталары құрылды. Арнайы адвокаттық палаталар бар. Заңгерлердің бір емес, бірнеше палаталары бар. Қазір заңгерлердің саны жеткілікті. Тіпті, қажет болса, құқықтық көмек тегін көрсетіліп те жатыр (медиаторлар көмегі бар). Сол себепті, халықтың құқықтық сауаттылығы жақсы дамыған дей аламыз.

Еліміздің сот жүйесінің тарихы қазақ билерінен бастау алады. Олар Шыңғыс хан

қағанатының заң ережелерін бекіттірген. Майқы би Орда биі атанған. Ол кезеңнен «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген даналық сөз қалған. Одан беріде, қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын дала заңдары негізіндегі заңдар жинағы – «Жеті Жарғыны» бекіттірген, әз-Тәуке ханның тұсында билік еткен үш төбе биіміз – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер.

Қазақ билері бүгінгі болашағымыздың жарқын және кемел болуына көп еңбек сіңірді, дамып, өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Билер жүйесі мемлекетіміздің қалыптасуына, халқымыздың ой-санасының, әлеуметі мен мәдениетінің өсуіне зор ықпал етті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» деген бабаларымыздан қалған ұлы сөз бар. Қазақ қоғамындағы белгілі бір тектілік қасиеттерді ұстанған турашыл би-шешендеріміздің «қара қылды қақ жарған» әділ шешімдерінің ел, ру арасында орындалуы міндетті шарт болды. Әрбір би әділ шешімдерінің өз ортасына ғана емес, дүйім жұртқа жайылғанын қалаған. Осындай мәртебе арқылы ел сеніміне ие болып, үмітін ақтау үшін аянбай қызмет еткен.

Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны Ата Заңымызда бекітілген. Қазақстан Республикасының сот жүйесі – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Конституциялық заңына сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттардан құрылады. Өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге ешқандай құқығы жоқ.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостан-

дықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Сот жүйесін жетілдіру аясында сот сатысының үш буынды жүйесі енгізілді – мамандандырылған соттар; инвестициялық сот өндірісі және 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап әкімшілік әділет өз жұмысын бастады. Бүгінгі сот жүйесі еліміздегі түбегейлі өзгерістермен тікелей байланыста реформаланып жатыр.

Реформалардың мақсаты – сот жүйесін халыққа жақындатып, мықты әрі тиімді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғауға қабілетті жүйе құру. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, судьяның әділ төрелікті дөп басып айтуы маңызды. Осы бағыттағы сот жүйесіндегі реформалар тәуелсіз Қазақстанның дамуында, Жаңа Қазақстан құру жолында әділ сот төрелігін құру үшін судьялардың жауапкершілігін, көтерер жүгін арттырады. Соған орай, сот корпусына талап күшейтілді.

Әрине, судья мамандығы ешқашан жеңіл болмаған және болашақта да оңай болмайтыны белгілі. Халықтың мүддесін жоғары қоятын Қазақстан елі үшін зайырлы, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында «Сот төрелігін жүзеге асырудағы сот пен судьяның тәуелсіздігі» мәселесі қашан да өзекті. Биліктің бір тармағы болып саналатын тәуелсіз сот жүйесінің басты мақсаты – адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Осы ретте судьялар тәуелсіздігі мен олардың тек заңға бағына отырып жұмыс істеуін қамтамасыз ету күн тәртібінен түспейтін мәселе. Ешбір мемлекет өзінің тарихында сот органысыз жұмыс атқара алған жоқ.

Қазақстан Республикасында сот билігі заңнаманы бұзуға байланысты қоғамда туындайтын қақтығыстарды Конституция-

ны, заңдарды, басқа нормативтік кесімдерді негізге ала отырып, шешуді мақсат тұтады. Мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде сот билігінде біртұтас мемлекет құрылысына тән барлық ортақ белгілері бар: оның қызметі мемлекеттің бүкіл кеңістігінде әрекет ететін Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді; оның қызметі елдің бүкіл аумағына таралады; сот органдарының шешімдері тек олардың құзыреті шеңберінде қабылдануға тиіс; сот органдарының шешімдері мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, олардың бірлестіктері үшін міндетті; сот органдары заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдеседі. Сот билігінің маңызы өзіндік белгісі оның өзге биліктен айырмашылығы болып табылады. Ешбір басқа билік тармағының – заң шығарушы, атқарушы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті де сот өкілеттіктерін иеленбейді. Тек соттар ғана әділ сотты жүзеге асырады, бұл Конституцияда ерекше ескерілген.

Конституцияның 75-бабында «Қазақстан Республикасында әділ төрелікті тек сот қана жүзеге асырады» деп жазылған [1]. Конституциялық қағиданы дамыта отырып, 2001 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңда соттың айрықша өкілеттіктерін басқа органдарға табыстауды көздейтін заңнамалық кесімдер шығаруға тыйым салынады. Сот органдары – конституциялық мекемелік органдар – сот құзыретінің толықтығын қамтитын, бекітілген процессуалдық нысандарды сақтай отырып, заң негізінде сот билігін жүзеге асыратын, басқа да билік бұтақтарымен өзара қарым-қатынасқа түсе алатын, заң шығарушы және атқарушы билікке заң шегінде қадағалау жасайтын мемлекеттік биліктің дербес бұтағы.

Сот құрылысында барлық деңгейдегі судьялар айрықша орын алады, өйткені, судья – бұл Қазақстан Республикасындағы сот билігінің өкілі. Ол конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыру және өзінің міндеттерін кәсіби негізде орындау

өкілеттіктеріне ие. Объективті және байыпты сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында судьяларға белгілі бір талаптар қойылады, ол талаптар төмендегідей:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтау; 2) сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ, қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдеп талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның әділдігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болу; 3) сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласудың кез келген әрекеттеріне қарсы тұру; 4) судьялар кеңесінің құпиясын сақтау [2].

Судьяның лауазымы депутаттық мандат пен оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымының басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Судьялар партияларға, кәсіптік одақтарға кіре алмайды, қандай да бір саяси партияны қолдап немесе оған қарсы сөз сөйлеуіне болмайды. Судьялар іс бойынша іс жүргізудің бүкіл процесі барысында сыртқы ықпал етулерден тәуелсіз, дәлелдермен және істің бүкіл материалдарымен мұқият танысып, зерттейді, содан соң өзінің іштей берік сенімі негізінде Конституция мен заңды басшылыққа ала отырып, шешім қабылдайды. Бірде-бір мемлекеттік немесе қоғамдық бірлестіктің, бірде-бір лауазым иесінің судьяға нендей бір істі қалай шешу туралы нұсқау беруге хақысы жоқ. Кез келген судья заңды жетік білуі басты шарт.

Соңғы 10 жылда сот жүйесін қаржыландыру 7 есеге өскен, республикамыздағы сот органдарын жетілдіру мақсатында жаңа ғимараттар салынып, соттардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында тәжірибеге соңғы үлгідегі озық ақпараттық технологиялар, яғни, материалдық-техникалық жабдықталуына қаражаттар бөлінуде. Судьялардың дербес жұмыс істеудегі әлеу-

меттік кепілдігі қарастырылып жалақылары көтерілуде, қызметтік үйлер беріліп, жеке қауіпсіздік шаралары да қарастырылған, сонымен қатар отставкаға шыққан судьялардың әлеуметтік кепілдіктері де артуда [4]. Сот билігінің нағыз тәуелсіздігіне қол жеткізбейінше, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін пәрменді қорғау және экономикалық мәселелерді шешу, сыбайлас жемқорлықпен күресу сияқты мәселелерде жетістікке жетуге үміт арту қиын.

Сот корпусындағы жемқорлықпен күрес мәселесі де соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып табылады. Сот беделі жекелеген судьялар беделінен құралатыны айдан анық. Судьялардың әрбір басқан қадамы, іс-әрекеті, тыныс-тіршілігі үнемі көпшіліктің назарында. Сондықтан да, әрбір судья өз беделінің төмендемеуін сот саласымен ұштастыра қарап, ал соттың беделі – мемлекеттің беделі екенін бір сәт те естен шығармағаны жөн. Сот беделінің артуы негізінен оның сапалы қараған ісімен байланысты. Қорыта келе, Қазақстандағы қазіргі негізгі мәселелердің бірі – бұл соттық және судьялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар, сот төрелігін жүзеге асырудың ашықтығы мен қолжетімділігі бойынша нақты механизмдер қалыптастыру болып отыр. Сот төрелігін жүргізуге байланысты Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін жүзеге асыру және сот жүйесін реформалау тәжірибесі сот тәуелсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сот пен судьяның тәуелсіздігі – бұл мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету – бұл құқықтық мемлекет құрудағы бағытымызды және адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі. Бұл ұстаным сот тәуелсіздігін заңнамалық реттеудің одан арғы шарттарын анықтап беруі тиіс. Құқықтық мемлекетте сот билігі қоғамдағы әлеуметтік теңдік пен тұрақтылықтың кепілі болып танылады. Сот тәуелсіздігі – бұл әділеттілікті орнатудың басты шарты.

**Динара МУКАМЕДЕН,
«Халықаралық инженерлік-
технологиялық университет»
колледжінің арнайы пәндер
оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж.
2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңы, 25 желтоқсан 2001 жыл.
3. «Заңгер» Қазақстан Республикасының құқық жаршысы, №12, желтоқсан 2011 жыл.
4. Юридическая энциклопедия, М., 2001 ж.

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Куәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.11.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 21. Таралым 1360.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»